

24 кбз

Жаңа
Уранға
айналған
есімдер

ЖАЛАҢТӨС БАТЫР



84 Қаз -
Ж 25

ЖАЛАНТӨС БАТЫР

Алматы
2014

ББК 84 Қаз-7-9

Ж 25

Құрастырушы: Төрехан МАЙБАС

Ж 25 **ЖАЛАҢТӨС БАТЫР.** — Алматы. — 134
бет.

ISBN 978-601-03-0051-4

«Жалаңтөс батыр» атты бұл жинаққа қазақ-жонғар соғысында ерен ерлік үлгісін көрсеткен Арканың атақты ақиық аға батыры Құлықұлы Жалаңтөс (1696-1768) туралы ел жадында сақталған аңыз әңгімелер мен әпсаналар, мадақ жырлары, сондай-ақ тарихи тақырыпты қаузап жүрген ғалымдардың, өлкетанушылар мен халық мұрасын жинастырушылардың зерттеулері мен ізденістері енгізілді.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ББК 84 Қаз-7-9

ISBN 978-601-03-0051-4

18977

© Майбас Т., 2014

АПАЙТӨС БАТЫР ЖАЛАҢТӨС


Сонау бір Сарым бабадан,
Бір бұтақ едің тараған.
Араша түстің айбат қып,
Алғанда дұшпан жағадан.

Аш бөрідей жорытқан,
Жауыңнан жоқсың қорыққан.
Шырғалаң қиын шақтарда,
Шығардың елді торыққан.

Әр адам әр жолын таңдайды,
Біреуге дүние, мал қайғы.
Апайтөс батыр, Жалаңтөс
Ерлігің ұмыт қалмайды.

Қадамың құтты киелі ер,
Ардақтап шексіз сүйеді ел.
Жан-жары Маңқан арудың –
Қазыбек биге күйеу ең.

Жидебай батыр, Жарылғап,
Тидіндер жауға арындап.
Бөгенбай үшін кек алдың,
Майданға кіріп жалындап.



Тағдардың жолы қатал тым,
Жұртыңнан адал бата алдың.
Бір көзің жауға садаға,
Кейінде соқыр атандың.

Дұшпанмен кеше алыстың,
Досыңмен жақын таныстың.
Есімің көкте қалықтап,
Халқыңмен қайта қауыштың.

Сыбдыры болып егіннің,
Күн нұры болып төгілдің,
Сапында бірге келесің,
Тәуелсіз алған елімнің!

*Мәуен ХАМЗИН,
филология ғылымдарының докторы,
профессор.*

ҚОҢЫРАУЛЫ НАЙЗА ҚОЛҒА АЛЫП...

Тәуелсіз, дербес мемлекеттің өткеіне салауат, бүгінгісіне тәуба, ертеңіне үмітіміз үзілмесін деген ниетпен қарасақ, ең алдымен, ұлтымыздың болмыс-бітімі, кескін-келбетін танып қана қоймай, өзгеге ұсынар асылымыз қайсы деген сұраққа жауап беру үшін елі-жері үшін жан қиған, қол бастаған батырын, сөз бастаған шешен биін, бата берер данагөй кемеңгер ұлдарын атар едік. Туғанына 300 жыл толып отырған атақты Жалаңтөс батыр да сондай тұлғалардың бірі.

Әдетте, белгілі бір биді, тілмар шешенді сипаттап, оның тарихи тұлғасына баға бергенде атақты шешен еді әйгілі көреген еді деп өте шығамыз. Тереңірек үңілсек, би-шешен; бәрінен бұрын, ұстаз, адамның жан әлемінде не болып жатқанын қапысыз танытын психолог, ол-мемлекеттік кеңесші, ол - парламент басшысы, ол - мәмлегер, ол - ел бірлігін көксеген, ел болашағын болжаған көріпкел кемеңгер, ол - қолына

кару алып, жауына тайсалмай шабатын, соңына қыруар, қолды ерте алатын батыр, қолбасшы, ол - дана философ, ол - әділдіктің ақ туын желбіреткен әділ сот, ол ақын, ол - азамат баласына қажетті рухани игілік - ғылым-білімді меңгерген ғалым.

Жұмыр жердің бетін санау көне заманнан бері мекендеп келе жатқан, 2-3 мыңжылдықтар шамасында қос құрылық - Еуропа мен Азияны шарлап, күн көрісі мен шаруашылық ыңғайына қарай үнемі көшіп-қонып жүрген көшпенді ата-бабаларымыздың, тереңірек алсақ, қазақ деген ұлттың болмыс-бітімін, кескін-келбетін айдай әлемге паш етіп көрсету үшін, сірә, жоғарыда келтірілген жан-жақты сипат-қасиеттерді үнемі жадымызда ұстағанымыз жөн. Үш ғасырға созылған бодандықтың нәтижесінде тек бір ғана ұлы халықтың жоғын жоқтап, сойылын соқтық, өз тағдырымыз бен бүкіл болмысымызды тек солардың ыңғайында ғана ұстай білдік. Қазақ үшін, оның саналы азаматтары үшін, күні кешегі Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжандардың бүгінгі ұрпақтарының, өзін солардың ізбасарлары, шәкірттері деп есептеп, олардың рухыға, ақыл-ой кемелдігіне, парасат-пайымына табынып жүрген бүгінгі ұрпақ үшін қазіргі таңдағы |

ең қасиетті де қастерлі міндет мынада: біз өз жұртымыздың кім екенін, қандай ел екенін, дүниежүзіндегі бірде-бір елге ұқсамайтын асыл қасиеттерін таныта алып жүрміз бе? Қандай дәрежеде оны насихаттап жүрміз? Жетістігіміз неде? Кемшілік тұстарымыз қай жерде? Міне, осынау ауқымды да қомақты міндеттерді саралап, лайықты тындыра алсақ ғана абырой биігінен көрінгеніміз. Ендеше қазірде айтылып жүргеніндей, XVIII ғасырда Абылай хан жоңғар тұтқынына түсіп қалғанда, ана батыр, мына батыр босатып алуға қонтайшыға барған екен, не болмаса, ана алапат соғыста Бөгенбай мен Қабанбаймен бірге біздің атамыз бәлен деген батыр да тізе қосып, бірге соғысқан екен деп, бәс тігіскендей, бейне бір бәсекеге түскендей арындағаныңыздан гөрі, қонтайшыға барсын, мейлі, бармасын, мейлі Абылаймен тізе түйістіріп отырсын, мейлі отырмасын, мәселе онда емес, керісінше неге бірнеше ғасыр өтсе де халық жадынан сол бір әйгілі тұлға сәл болса да көмескіленгеннің орнына жаңғыра түседі. Неге сол Жидебай мен Жарылғаптың, Жалаңтөс пен Сеңкібайдың, Шабанбай мен Қараменденің, Жанғұтты мен Сана бидің, бертіндегі Дия қажы мен Әбіш Жанбайұлының, қазақтың тарихи астана-орталығы - Ұлытаудың ұлы перзенттері

Тайжан мен Болманның есімдері санамыздан берік орын алды. Міне, осының сырын ашсақ, осынау ірілерді насихаттап, олар өмір сүрген қоғамдық-әлеуметтік ортаның тыныс-тіршілігін дөп баса білсек, сол арқылы барша ұлтымыздың, халқымыздың тұлғасын, болмысын бере алсақ, тек сонда ғана жоғарыдағы ауқымды міндеттер үдесінен көрінгеніміз.

Поляк революционері А.Янушкевичтің белгілі кітабындағы деректерге қарасақ, алты алаштан мойны озық туған Құнанбай Янушкевичке ел тарихынан недәуір мәліметтер берген ғой, сонда Құнекен Арқаның атақты батырларына тоқталып, мына батырларды ерекше марапаттаған. Жидебай батырдың үзеңгілес, майдандас серіктеріне атақты Жарылғап (Керней-Түйте), Керней Есей, Құлық (Сарымның ішінде) Жалаңтөс, Төлеңгіт Қасабай, Қожағұл Торак, Тобықты Байзақтар жатады екен. Осынау деректер, пайымдай білсек, недәуір ойға жетелейді, себебі, бұл тарихи тұлғаларды зерттеу, кеңірек білу тек атамзаманнан келе жатқан Арқа жеріндегі батырлық дәстүрді ғана көрсетіп қоймайды, соныменен бірге таным көкжиегімізді де кеңіте түспек. Ел арасындағы деректерге сүйенсек, қазіргі Ақтоғай ауданына баратын жолдың

бойында (бұрынғы Кеншоқы кеңшарынан небәрі 5-6 шақырым жерде) Торақ бұлағы деген жер бар. Кеңірек зерттеп, көбірек ден қоятын тұлғаның бірі болашақта - осы Торақ батыр.

Жалаңтөс бабамызға байланысты жарық көрген баспасөз материалдарында ол кісі айтыпты деген мына шумақтар кездеседі.

Қар жаумасын, қан жаусын,
Қас дұшпаннан қаймықпа.
Жаратқан ием, қолдай гөр,
Айтқан серттен айнытпа.
Қайран елім, аман бол,
Айрылтып сенен қайғыртпа.
Жасын түссе басына,
Қалқаның боп қағайын.
Қан тілеген қалмақты
Алдаспан боп шабайын.
Қауышқанша күн жақсы,
Қош, аман бол, ағайын.
Не жауыңды жайратам,
Не ақ өлім табайын.

Қазақ деген ұлт ру-тайпалық рәсімге адал болған, «жеті атасын білмеген ұл жетесіз», «у ішсең, руыңмен» деген философиялық тағылымды да бізге қалдырған сол бабалар тағылымы. Рулық ұғымның Кеңес өкіметі тұсында қалай түсіндіріп келгені баршаға аян. Ендеше, соңынан ерер қалың жұрты

бар, батырды марапаттап, төбесіне көтерер қалың Арғын-Қаракесек бар, Жалаңтөс батырдың бізге жеткен жоғарыдағы анты көп нәрсеге ойлы көзбен қарауға мүмкіндік беретін сияқты.

Кезінде Абай данышпанның айтқаны бар еді ғой:

Атадан алтау,
Анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ.
Ағайын бек көп,
Айтамын ептеп,
Сөзімді ұғар елім жоқ.
Моласындай бақсының
Жалғыз қалдым-тап шыным.

Абай өз елін сынап отырып, оған деген өзінің асқақ махаббатын осылай жеткізген. Абай заманы - отарлық бұғаудың мойынға мықтап түскен кезі. Жалаңтөс дәуірі - қазақи қоғамның қаймағы бұзылмай аспандап тұрған сәті. Олай болса, қара басына ғана емес, жақын-жуық, ұрпақ-жұрағатына жетерлік дәулеті бола тұра, бір басына жетерлік атақ-абыройы бола тұра әр ұрыс сайын басын өлімге байлайтын, өлімнен өзі қорықпақ түгіл, өлімді өзі қорқытуға тырысатын Жалаңтөс батырдың осынау жанқиярлығын, жансебілдігін тек батырлық тұлғасымен, жаужүрек өжеттігімен ғана байланыстырып

қоймай, сол тұстағы ұлт болмысын ашу үшін қоғамдық-әлеуметтік ортамен, дәуір келбеті, замана талабымен тығыз бірлікте алсақ ғана, таным көкжиегіміз кеңейе түспек.

Олай болса, өзіміз білетін, оқып, үйреніп өскен әлемдік деңгейдегі әскери қолбасшылар Македонский, Шыңғысхан, Наполеон, Кутузовтар тұлғасымен Қабанбай, Бөгенбай, Малайсары, Жәнібек, Баян, Олжабай, Жасыбай, Жидебай, Жарылғап, Жалаңтөс тұлғаларын деңгейлес тұрғыда қарастырып қана қоймай, басқа да әйгілі есімдер сияқты Жалаңтөс бабамыздың да шоқтықты тұлғасын сол замандағы қоғам қайраткері, әлемдік деңгейдегі ірі тұлғалар Махатма Ганди, Сун Ят Сен, Кемәл Ататүрік, т.б. деңгейдегі тарихи қайраткерлермен біртұтас алып қарасақ, дұрыс болатын сияқты.

Ойды ой қозғайды, үш жүздің игі жақсылары Абылайды хан көтергенде, ол түс көріп, түсін Бұқарға айтыпты деген әңгіме баршаға мәлім.

- Астымда Жалынқұйрық жүйрігім бар, Сарыарқада серуендеп келе жатыр демі, алдымнан бір арыстан тұра қашты, қуып жетіп, алдаспаныммен ішін жарып жіберіп едім, арыстанның ішінен бір жолбарыс шықты да, тұра жөнелді. Жолбарысты да

қуып жетіп аш баурынан орып жіберіп едім, ішінен бір көкжал қасқыр шыға келді де, тұра қашты. Көкжал қасқырды да қуып жетіп, ішін тіліп жібергенімде, одан бір қызыл түлкі ата жөнелді. Қызыл түлкіні де қуып жетіп, қарнын осып қалғанымда, ішінен құрт-құмырсқа, бақа-шаян, жылан-кесіртке атқарыла түсті. Бірақ бұлар менен қашпады, бәрі быжынай келіп, атымның сауырына, жалына жабыса бастады. Шошынғанымнан айқайлап жіберіп, оянып кеттім. Жоруын айтшы осы түсімнің, жырауым, - депті хан Абылай.

Сонда Бұқар:

- Жалын құйрыққа мінгенің - хан тағына мінгенің. Алдыңнан арыстан қашса, сенен арыстандай айбарлы ұл туады екен. Одан туған бала да жолбарыстай қайратты, жүректі болады екен. Жолбарыстан туған шөберең де көкжал қасқырдай жүректі жаратылады екен. Ал, көкжал қасқырдың баласы, төртінші ұрпағың, қызыл түлкідей заманына қарай қу, тәсілқой келеді екен. Түлкіден әрі қарай тараған тұқымың бақа-шаян, құрт-құмырсқа, жылан-кесірткі секілденіп уақтанып кетеді, - депті.

Айтылған жайт сол тұстағы ұрпақтар -

буынына қатысты ма, әлде Абылай кіндігінен тарағандарға қатысты ма, ел арасында әр

түрлі әңгіме бар.

Осынау түстегі іріліктің ұсақтыққа біртін-біртін айналуын емес, керісінше ұсақтала бастаған дүниенің ірілікке беттеу процесін бастан кеше бастағандаймыз. Жалаңтөстей ұлы перзентке жасамақ құрметіміз сол бағыттағы көптеген іс-шаралардың бірі іспеттес.

1996 жыл.

Жезқазған қаласы.

*Сағадат ДҮЙСЕБЕКОВ,
Ақтоғай ауданының бұрынғы әкімі.*

АРУАҚТАРҒА ҚҰРМЕТ

Ақтоғай өңірі-барша Алаштың ардағына айналған перзенттер берген өлке. Олардың арасында небір көсем, би, шешен, батыр, ғалым, өнер иелері бар.

Бүгінде Алашорданың үш көсемі - Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков, Жұқып Ақбаевты білмейтін адам жоқ. Сол сияқты Қараменде би, Сана би, Шабанбай

би, Сабота шешеннің дана, тапқыр сөздері ел аузында. Әсет, Нарманбет, Шашубай, Тәшен, Кенішбайдың өлеңдері мен әндері кімнің болсын көңілін толқытады. Әйгілі Әшірбек, Аққыз, Күләш, Манарбек күйлері мен әндері жан тебірентеді.

Ел қорғаны болған батырлар жөнінде небір аңыздар бар. Олардың ерліктерін Бұқар жыраудан бастап көптеген ақындар жырлаған. Дос батыр, Жалаңтөс батыр, бертінгі Қазбек Нұржановтың ерліктері талай-талай шығармаға желі бола алады. Ел аузында осы күнге дейін ұмытылмай сақталып келе жатқан аңыздарда Жалаңтөстей ақиық батырдың қасиетті есімі

ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда. Тарихта біз білетін үш Жалаңтөс бар. Үшеуі де батыр. Кіші жүзден шыққан Жалаңтөс Самарқанда билеуші болған. Белгілі Орбұлақ шайқасына жиырма мың қолмен көмекке барғаны көпке мәлім. Енді бірі Әлкей Марғұлан айтатын Жалаңтөс.

Биыл туғанына 300 жыл толып отырған Жалаңтөс батырдың ататегі - Арғын тайпасы, оның ішінде Қаракесек руының Сарым бұтағы. Туған жері Ақтоғай ауданындағы Қаратал деген жер. Батыр деген ардақты атак кез-келгенге берілмейді. Оған дұшпанның қандыбалақ қарақшышарымен қан майданда жекпе-жекке шығып күш, әдіс, батылдық сынасып, жер жастандырған қырандай қырағы, арыстандай айбатты ерлер ғана ие болған. Үш ғасырдан аса уақытта туған елінің жүрегінен өшпеген, қадір-құрметіне ие, ұрпақтарына мақтаныш болған батыр аталар аруағына бас ию кімге болса да парыз болса керек. Тек солардың қасиетті есімдерін жекелеген руларға меншіктеп аз ғана қазақты жікке бөліп, «Менің атам сенің атаңнан артық» дегендей даңғой мақтаннан құдай сақтасын!

Егеменді елімізде тарихымызды жүйеге келтіріп, олқысын толықтыруға мүмкіндік туды. Осы орайда Ақтоғай

топырағында туған, тарихи тұлғаларға құрмет көрсету қолға алына бастады. Аудан еңбекшілерінің бастамасымен ескерілмей келген тұлғалар, лайығымен еске алынуда. Орталық Қазақстанның жерін, елін жоңғар басқыншыларынан қорғап, жанын пид а еткен Жалаңтөс бабаның ұрпақтары игі істер атқарып отыр. 1995 жылы Қарағандының іргесіндегі Соқыр өзеніндегі батырдың кесенесін толық жөндеуден өткізуге атсалысқан ұрақтары Орал Рақымбекұлы, Райымқұл Игенұлы, Сәкен Қойшанұлы, Қабыкеш Әбілдаұлы, Сағынтай Рақымберліұлы сияқты ұрпақтары ұйымдастыру комиссиясының төрағасы Мейірхан Тәтибекұлының басқаруымен аруақ алдындағы парызын орындап шықты. Аудан орталығындағы бір көшеге Жалаңтөс есімі берілді. «Жәмші» совхозындағы Басқорық Жалаңтөс ауылы болып қайта аталды.

Соңғы жылдары Жалаңтөс жайында ел арасындағы аңыз-әңгімелер жинақталып, хатқа түсіріле бастады. Батырдың өмірбаяны жазылды. Оның жорықтары жайлы бірнеше әңгімелерді баспа бетінен оқып жүрміз.

Жалаңтөс айтты деген шешендік, нақыл сөздер де қолымызға тиіп, халықтың мүлкіне айналып отыр. Бұл салада

Жалаңтөс ұрпақтары Мәсғұт Халиолла,
Әнуарбек Төлепбердіұлы, Ақылбек Шайхы,
Төлеуғазы Әбдуақасұлы ағаларымызға айтар
алғысымыз үлкен.

1996 жыл.

*Ақылбек ШАЙХЫ,
ҚР Журналистер одағының мүшесі,
жалаңтөстанушы.*

ЖАЛАҢТӨС БАТЫР

Өткен адам болады көзден таса,
Өлді, өштті оны ешкім ойламаса
Ол өлсе де белгісі жоғалмайды,
Керектісін ескеріп ұмытпаса.

(Шәкәрім)

Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламада
Сырдан Арқаға ауған қазақтар жоңғарлардан
есепсіз қырғын көрді. Көп ел мен жер жау
қолында қалды. Елін, жерін жаудан азат
етуді қазақ халқы бір сәт естен шығармады.
Ұлы жүздің үлкен ханы Әбілмәмбет
қалмақпен соғысуға жар салып, үш жүздің
баласына хабар жіберді. Орта жүздің әскерін
жасақтаған Сәмеке ханның батырлары ел
ішінен көзге ілініп жүрген жастарды көбірек
жинайды. Үш жүзге аты мәшһүр болған
Бөгенбай батырдың сарбаздарының ішінде
жас жігіт Жалаңтөс те бар еді.

Білеуті бойындағы қалмақтармен
болған кескілескен соғыста батыл, жүректі
найзагерлігімен Жалаңтөс көзге түсті.

Сұңғақ бойлы, кең иықты, ерекше
бімді жас, қан майданда жекпе-жекке
шығып, атажауын жер жастандырды.
Осы тарихи шайқаста ел мен жері
үшін ерлік керсеткен Жалаңтөс нағыз
батыр болып танылды. Батырлығымен
қоса мінезге бай, сөзге шешен, қара
қылды қақ жаратын турашылдығы бас
батыр Бөгенбайға қатты ұнайды. Арқа
жеріне басқыншы жаудан қорғауда
жан аямай тер төккен батырлар
Бөгенбайдың айналасына топталып,
ерліктің мектебінен өттеді екен.
Сарыарқаның сауыры - Ақтоғай
жерінде қалмақтардың моласы көптеп
кездеседі. «Қалмаққырылған» деген
жер атаулары да бар. Мұның өзі бұл
жерде қалмақтармен жиі соғыстар
болғанын айқындайды. Жалаңтөстің
ата мекенін жаудан қорғап, қол
бастағаны дәлел. Осы төңіректегі ең
биік тау Қызыларайдың, күнгейіндегі
Қаратал өзені - Жалаңтөстің кіндік
қаны тамған ата мекені. Жалаңтөс-тің
әкесі Жансары (Құлық) - Қаракесек
руының Сарым бұтағы. Жансарыны
жеңгелері әзілдеп Құлық атандырған,
елдің аты да осылай аталып кеткен.
Құлық ағайынға мейірімді, біртоға,
шаруасын баққан адам екен.
Баласының үлкені - Жалаңтөс
жастай қолына найза алып, елін
жаудан қорғауға атсалыса бастайды,
ел арасындағы дау-жанжалдарға

араласып, жастай билік айтуға да қатысады. «Батыр - жауда, дана - дауда білінер» дегендей, Жалаңтөстің батырлығы мен айтқыштығы ел арасына кеңінен мәшһүр бола бастайды. Сайын Сарыарқаны жайлаған қалың елдің басты адамдары Қаздауысты Қазыбек би де, сонау Балқаштың теріскейіндегі қалың Тобықтының атақты адамдары да, Нұраны мекендейтін үлкен ел Қуандықтың да игі жақсылары Жалаңтөстің ерлігіне, адамгершілігіне тәнті болған.

Жалаңтөс Қалба тауында аңда жүріп, бір топ аңшылармен ұшырасады. Жас жігіт топтың ортасындағы еңгезердей ақсақалдың алдынан келіп сәлем береді. Қария «Жолымды неге кесесің?» деп дауыстап, сескендірмек болады, ашу шақырады. Жігіт қыңқ етпейді. Қария жас жігітті сынамаққа тағы да қамшы көтереді. Жалаңтөс қарсыласпайды.

- Сен көргенді азамат екенсің. Жас батыр Жалаңтөс дегенді естуші едім, соның өзі емессің бе?

- Иә, ата, менің атым Жалаңтөс.

Жас жігітке мейірімі түскен қария:

- Қарағым, жауынды жермен-жексен ет, тілегіңе әмсе жет. Мен Апақ деген балуан боламын, - деп қолын жайып, батасын береді.

- Айтқаныңыз келсін, жақсы аға!

«Батамен ер көгереді» деген ғой. Жалаңтөс жас кезінде аузы дуалы үлкендердің батасы мен алғысын көп алған екен. «Ойланбаған отқа түседі» дейді екен Жалаңтөс. Батырдың осы сөзі оның пайымды, толғанып барып іс-қимыл ететінін аңғартады. Құлықтың екінші ұлы Таңат әкесінің қасында шаруасымен айналысқан.

Тобықты руындағы Жуантаяқ атаның үлкен байы Сазан-Шортан ауылында Жалаңтөс жиі болып жүрген. «Жұрт мақтаған жігітті қыз жақтаған» дегендей, Сазан-Шортанның Жібек атты сұлу қызына Жалаңтөстің көңілі ауады.

Құлық қырық жетіні матап беріп, Сазан-Шортанның қызын Жалаңтөске айттырады. Жалаңтөс Жібекті алып келгенде әкесі ұлан-асыр той жасайды. Құлық қолына Таңатты ұстап қалады да, Жалаңтөске еншісін беріп, Қарақозы Майтас деген жерлерге көшіріп салады. Жібек ана кең мінезді, сабырлы кісі болған. Жалаңтөстің Жібектен туған балалары - Алтай, Әжібай, Толыбай. Тұңғышы Алтай әкесі сияқты батыр, жастайынан ел қорғауға қатысып құрметке бөленеді. Алтайдың күш атасы батырлығы жайлы «түйеге тендеген қайыңды жалғыз көтеріп, екі жүз қадам жерге апарып тастапты», «Қалмақтың қазған он екі құлаш

орынан қарғып өтіпті», «Батпаққа батқан атан түйені өркешінен тартып шығарыпты» деген ел аузында аңыздар көп. Алтайдың немересі Қожамбердіұлы Аманбай ақсақал (жалпақ ел Аман ағаң дейтін) ғасыр жасап, дүниеден көшті. Қадірлі қарт Алтай батыр туралы нақты деректерді көп білетін. Жалаңтөс пен Алтайдың жорықтары мен ел арасындағы дау-жанжалды шешудегі әділдігі жайлы қалдырған әңгімелері көп. Соқыр өзенінің жағасында тұрған Жалаңтөстің шошақ бейітінің қандай материалмен салынғанын, уақыт өткен сайын тозып, жұрнағы ғана сақталғанын кеңінен әңгімелейтін.

Әкелі-балалы батырлардың даңқы Орта жүздің кемеңгер данасы Қазыбек бидің құлағына шалынады. Қазыбек би жолаушылап жүргенде ауылын шауып, жылқысын айдап кеткен қалмақ ханынан құн сұрай барғанда бидің қасына ерген батырлардың ішінде Жалаңтөс пен Алтай да бар екен. Қалмақ ханы Қазыбектің сөзден дес бермейтінін бұрыннан білетін. Уәзірлерін жинаған хан Қазыбекке есе бермей оны кері қайтарудың жолын ойлайды. Бас уәзірін жұмсап:

- Мыналардың батырларын көріп келші, қандай екен? - дейді. Қонақ үйде ұйықтап жатқан батырлардың ішінен Жалаңтөс

ерекше көзге түседі. Шалқалап ұйықтаған батырдың бас жағында көкжал айбар шегіп тұр екен. Мұны көрген уәзірдің буыны сіресіп, ілгері баса алмай кейін қайтады. Уәзірдің айтқанына сенбей, қонақ үйге ханның өзі келеді. Батырдың басым аруағы оның тауын шағылтып, бетін қайтарады.

Хан өз еліндегі мықты батырларын жинап, оларды Жалаңтөске қарсы жекпе-жекке шақыруға кіріседі. Кіммен болса да жекпе-жекке шығарда Жалаңтөстің қабағы қарыс жабылып, жүзіне ерекше айбын бітеді екен. Ханның көп батыры оған беттей алмайды. Мысы қайтқан хан Қазыбек бидің малын, тұтқынға алған адамдарын түгелдей қайырады.

Ұлы би Қазыбек қалмақ ханынан қайтып келе жатып, шалқар көлдің жағасында қосын қондырып, түскі асқа отыра бергенде ну қамыстан жүгіріп шыққан жолбарыс бидің ерттеулі тұрған арғымағына атылады. Осы сәтте жас батыр Алтай атып тұрып, қолындағы қанжарды тұз тағысының жүрегіне салып үлгереді. Сан жылдар топқа мінген ғұлама бидің ыстық көзіндей болған жирен арғымақ аман қалады.

Жас өреннің батырлығы мен тапқырлығына риза болған би сонда:

- Қарағым, болайын деп тұрған бала

екенсің. Ел мен жердің құты бол! Нәсібің жерден болсын, - деп бата беріп, бетін сипады.

Елге келген соң Жалаңтөс баласынан:

- Әулие бидің берген батасынан не түсіндің? - деп сұрады.

- Шыдамды бол, ұрыншақтық жасама. Еңбек етіп, жерге тер төк, егінші бол, адал еңбекпен өмір кеш дегені деп түсіндім, - дейді Алтай еш бөгелместен.

- Болса болар, - дейді баласының зерделілігіне іштей қуанған батыр.

Қазыбек бидің бес ұлынан кейін Маңқан атты бір қыз туыпты. Маңқан бес ағаның ортасындағы жалғыз қыз, әрі атақты бидің баласы. Қазыбекпен құда болуға әлді рулар сөз салады. Мұны сезген Маңқан әкесіне:

«Сіздер мені қанша еркелеткендеріңізбен төменетекті болып жаратылдым ғой. Түбі бір жерден орын табуым керек болар. Сол орнымды өзім табайын, мені ешкіммен атастырмаңыздар» деп тілек етіпті.

Дүйім Қаракесекке мәлім Қазыбектің балаларымен достық қарым-қатынаста жүрген Жалаңтөсті Маңқан ұнатады. Қалмақ еліне барған сапарда Жалаңтөстің адамгершілігіне көзі жеткен ұлы би қызының теңін тапқанына қарсы болмайды. Ақ батасын беріп, ұзатады. Жалғыз қызын

үлкен салтанатпен Жалаңтөстің мекені Қызылтас, Жәмші деген шұрайлы жерлерге көшіріп салады. Жалаңтөстің Маңқаннан туған балалары - Бәйгел, Берістен, Белтей, Серке.

Қалмақтар қазақ жерін иемденуді, әсіресе, Сарыарқаны еркін жайлауды көксеген. Шамамен 1750 жылдары қалмақтар кең қоныс Қарағанды төңірегін басып алуға әрекет жасаған. Осы кезде дара шығып, ел қорғаны болған Түйте Жарылғап, Керней Есей, Құлық Жалаңтөс, Әлтеке Жидебай, Төлеңгіт Қасабай, Қожағұл Торақ, Тобықты Байзақ батырлар бастаған қол жаудың мақсат-арманын орындауға бөгет жасап, тас-талқан етіп жеңеді. Осы жорықтағы бетпе-бет шайқаста қалмақтың бір батыры ерекше соғыс салып жүрген Жалаңтөсті көздеп атқанда садақтың жебесі көзіне қадалады. Көзіндегі жебені өз қолымен жұлып алған батыр соғысты тоқтатпайды, жауды қуып, жебесіне жемтік етеді. Соқыр өзенінің маңайы Жалаңтөстің көзіне жебе қадалып, бір көзінің шыққан жері. Елім, жерім үшін жан пида деп, ерлік көрсеткен батырдың құрметіне өзен Соқыр деп аталған. Жалаңтөстің көзінің құнына қалмақтың батыры жалғыз қызы Ақсұлуды береді. Осыдан былай Жалаңтөс көзсіз ержүрек

батыр атанады. Жалаңтөстің Ақсұлудан - Естай, Есет, Рүстем, Бабатай, Көбен деген балалары болады. Жалаңтес батырдың үш әйелінен он жеті ұл болған екен. Солардың он екісінен ұрпақ бар. Қалған бесеуінің есімдері ел есінде қалмай ұмытылған. Ақсұлудан туған балаларының көбі батыр болыпты. Естай деген баласынан Нарбота, одан Байғонды, одан жаурыны жерге тимеген Ахмет балуан туады.

Батыр өте қайырымды, сертіне берік, ақыл иесі болған екен. Бізге жеткен ел аузындағы «Жалаңтөс батыр айтыпты» деген өсиет-ақыл сөздер көп-ақ. «Аш отырсаң да аман отыр», «Бірлікті, бүтіндікті сақта, қиянатқа барма», «Ащы сөз арандатады-ау», «Адамның байлығы - мінезі», «Дүниеқор адам - арсыз адам», «Ерлік - төзімділік», «Айтулы ерге оқ тисе, қиналғанын білдірмес», «Жаудан күткен жақсылақ - зарыққанның белгісі» деп айтқан сөздерінен оның ақылгөй болғандығын аңғару қиын емес. Арада үш ғасыр өтсе де Жалаңтөстің тілек - батасын бүгінгі ұрпақтары домбыраға қосып айтып жүр.

Батыр бабаның енді бір көңіл бөлгені - ағайынның татулығы. «Бөлінгенді бөрі жейді». Бұл орайда ол кісі аналардың атқаратын қызметіне ерекше мән береді.

« Бақыт - ерлі-зайыптылардың сыйластығы»,

«Шаңырақтың екі босағасы - ері мен
зайыбы тату-тәтті болса - кедейлік жоқ»
дейді екен. Жалаңтөс осы нақылдарын
айтып қана қоймай, оны өзінің күнделікті
өмірінде бұлжытпай орындап отырған.

Өзінің ұрпақтарын бәйбішелерінің
есімімен атандырады. Бүгінде Жалаңтөс
ұрпақтары - үш жүзден астам шанырақ.
Олар Ақтоғай ауданы «Жәмші» совхозында, -
Балқаш, Қарағанды қалаларында тұрады.

Жібек ананың, Маңқан, Ақсұлу ананың
ұрпақтарымыз дейді. Қасиетті ана Жібектің
атын келіндері тік атамай Тазажіп ененің
ұрпақтары, Тазажіптің елі дейді. Ал
Жалаңтөсті құрметтеп Кершеуата деп
атайды.

Сексенінші жылдары ел азаматтары
Әнуарбек Адамбековтың басқаруымен
бабаға ескерткіш қойған болатын. Ал,
1995 жылы батырдың ұрпақтары жиналып,
Оның ертедегі кесенесін толық қалпына
келтіріп, биіктігі тоғыз метр етіп көтерді.

Балқаш - Қарағанды даңғыл жолымен келіп,
қала іргесіндегі Соқырдың биік көпіріне
көтерілесіз. Өзеннің оң жақ жағасында биік
төбеде тұрған айшықты Жалаңтөс кесенесі ,
ел мен жердің тарихынан сыр шертіп тұрғандай

Күз. Ел жайлаудан қайтып, күзекке қонған. Жалаңтөс ауылына Жидебай жіберген шапқыншы суыт келіп, батырға жедел хабар жеткізді. Қалмақтар Балқаштың теріскейіндегі Бертіс бұғазына шоғырланып, Қоңырат тауындағы бұлаққа бекініп, жазық жазираның төрінде тұрған Әулиеге қалың әскер әкеліпті. Одан кең жайлау Сарыарқаға қарай жылжыды. Жайлы қоныс Имек пен Қарабұлақты, Женет тауының төңірегіне иелік етуді көксейді. Осы ұланғайыр жерді мекендейтін әлтеке, сарым, керней елін қыстауларына келтірмей, ауылдарын шауыш, малын тиіп алып, босқынға айналдырмақ. Ел мен жерді қорғауға, жорыққа әзірленеміз, батыр аға деген екен. Осындай хабар Жарылғап батырға да жетті. Қалмақ қолында тұрған Бертіс көлдің жағасындағы мал қыстайтын жайлы қоныс, Абайдың анасы Ұлжанның төртінші атасы Бертіс бидің қалың жылқысы мен бірнеше қотан қойы бұғаздағы ну қамысқа қыстайтын. Қысы жұмсақ, шөбі мол бұғаз Бертіс атаның құт-берекесі.

Балқаштың теріскейіндегі он екі шақырым жердегі жалғыз тау Қоңырат айналасы кең

жазық болғандықтан одағайлап алыстан көрінеді. Таудың балағынан ұшар басына дейін жусан, баялыш, тобылғы, қараған бітік өседі. Жерден сүйір болып көтерілген бір тұтас тау ұшар басына барғанда екі айырылып, қыр арқасында ертоқым ерттелгендей, теріскейіне қараған жағы жалы төгілген аттың басын бейнелейді, түстігінен байқағанда сәйгүліктің сауыры көз алдыға келеді. Үстін бұйра өсімдік басқан жалғыз тау мол даланың мұнары ішінде ерттеулі қоңыр аттай болып көрінеді. Қоңырат аталуы да сондықтан. Таудың теріскейінде мөлдір бұлақ ағады.

Әулие Балқаштың теріскейінде алпыс шақырым қашықта тұрған биік таулардың бірі. Қып-қызыл жақпар тастардан табиғаттың өзі мүсіндеген тау. Құз-қиялары, сүйір шындары көп. Қасында жарыса біткен Қоңырқұлжаның биік жартастары көп, ерекше сұлу, бірақ асу бермейтін қиын тау. Екі таудың арасында теріскейге созылған орманның бойымен өтетін жалғыз кезең бар. Айналасы жасыл орманмен көмкерілген бұрқыраған бұлақтар, шөл даланы шүлен етіп тұрған жазира. Көктемде таулардан тасқындап ағатын қар суы алапқа кең жайылып, екі Сарыөзекті қалың нуға бөлейді.

Бұл жерді мекен еткен Әлтекенің Мырзғұл, Апар, Байғара рулары мыңғырған мал өсіріп, табиғаттың игілігіне кенеліп жатқаны. Жидебай батыр осы жерге ұрпақтарын орналастырғанда «Ойы балық, қыры киік, екі Сарыөзек атарқаны бар жер екен. Теріскейінде Малдыбай, түстігінде Бөрлі сияқты қарауыл төбелері бар. Ырыс-береке болар» депті.

Алыстан ат шаптырым жерден тұтасып, қыр арқасымен созыла көрінетін жалғыз тау Женет. Айналасы көз ұшында шырқап кетіп жатқан мол сулы, қалың бетегелі кең жазық. Таудың теріскей ылдиында кең шалғынды, жылап аққан мол сулы, мөлдір бұлақты және өзен табаны қалың тал, жасыл, әсем жас тоғай — Қарабұлақ дейтін жер осы. Бұл — керней Жарылғап батырдың аға мекені.

Осындай жайлы мекен, самал тау, жасыл орман, кең жазираға қалмақтар қауіп төндірді. Ел мен жерді қорғауға, атажаумен айқасуға батырлар бел буды.

Жедел қамданған Жалаңтөс жасағы Әулиенің теріскейіндегі Қарауылтөбе Малдыбайға жетті. Аталмыш күнге Жарылғап батыр мың қаралы сарбазымен келді. Жидебай батырдың қолы да бес қаруын сайлап, сақадай сай екен. Қолбасылардың қысқа кеңесінде Жидебай батыр:

- Жалаңтөс аға, (Жидебайдан 17 жас үлкен) бірнеше мың қаралы сарбаздар жиналды. Соғыста жалпы басшылықты өз қолыңа ал! - деді. Жарылғап та осы пікірде екен.

- Жау үш жерде шоғырланған ғой. Бұлардың бір-бірімен байланысын болдырмауымыз керек. Жидебай, Әулиенің тау-тасы өзіңе белгілі Сарыөзектегі жауды жаныштауды саған тапсырдым! Жарылғап, Қоңыраттағы қалмақ әскерін шашау шығармай талқандауды жоспарла! Бертістегі қалың тобырды үш жағынан қыспаққа алып, көлге қойдай тоғытатын боламыз! - деді Жалаңтөс ның сеніммен.

Жидебай әскерді бірнеше топқа бөліп, кілең балуан жігіттерді айбалтамен, шоқпармен қаруландырды да, Сарыөзектен шығысқа өтетін жалғыз кезеңге орналастырды. Кезеңнің шығар аузына найза мен садақ асынған сарбаздарды қойды.

Он жауынгерді жүйрік аттарға мінгізді де, өзі бір топ сарбазбен кезең аузындағы далада тұрып қалды. Олар Сарыөзекте жатқан қалмақтың қалың қолына көрніс беріп, кезеңге қарай тырағайлап қаша жөнелді. Батыр-қонтайшы әскерін түгелдей аяғынан тұрғызып, қашып бара жатқан он аттынның соңына салды. қашқандар көрніс берген

бойда кезеңдегі ну тоғайға сіңіп, көзден ғайып болды. ашық алаңда жазыла шауып келе жатқан қалмақтар табиғат жасаған тар қылтаға шұбатыла барып енді. Қалмақтың қалың әскері тегіс тар қылтаға енген кезде Жидебай бастаған әскер ұран салып соғысқа кірісті де, найза мен қылышқа ерік берді. Жаудың алдында таяқ тастам жерде тұрған жаяу әскер шұбап келе жатқан қалмақтарға қоянқолтық кездесті, оларды ат үстінен жұлып алып айбалтамен шауып, шоқпармен соққылады. Кезеңнің шығар аузында тұрған Жалаңтөстің мергендері садақ тартты. Әулие тауға жапсарлас тұрған «Қыз әулие» деген жақпар тастың қасындағы шағын алаңда болған кескілескен ұрыста қазақ жауынгерлері жеңіске жетті. Табиғаттың өзі мүсіндеген құз-қия, жалтыр тастар, ну орман жаудың қашуына мұрша бермеді. Сан жүздеген қалмақ жер құшты, біразы тұтқындалды. Қасиетті қоныс Әулие жау қолынан азат етілді.

Бөрліде отырған шолғыншы Қоңыратта бекінген қалмақтардың келесі күні ертемен Әулие тауға жылжитынын нақты білгенін хабарлады. Жауды тұрған орнында талқандауға байлам жасаған Жарылғап батыр жауынгерінің негізгі тобын Қоңыраттың іргесіндегі Қызылқұдыққа аттандырды.

Қалған бөлігін суыт жүріп отырып Қоңыратқа Бертіс жағынан түн ортасында жетуге бұйырды. Бертіс жағынан келген сарбаздар жаудың екі шолғыншы жасағын бірден жайратып, қалмақтарды бейқам етті. Қызылқұдықтағы сарбаздар қалмақ әскерінің аттарын тиіп алды да, жаяу қалдырды. Қоңыраттың басындағы «ертоқымға» шыққан Жарылғаптың атқыштары іргеде ұйысқан қалың тобырға садақтан оқ жаудырды. Көзделіп атылған жебенің біреуі де далаға кеткен жоқ. жебелердің ысылы, жақын жерден келіп ұрандаған сарбаздар бейқам жатқан жауды үркітіп оятты. Не пәле болғанын біле алмай, апалақтай қарасқан қалмақтар ес жиып үлгермеді. Батыр - қонтайшы «тұтқиылдан қоршап алыңдар, жекпе-жекке батырларыңды шығар» деп талап қойды.

-Жекпе-жекке мен дайынмын! - деп атын тебініп ортаға шыққан Жарылғапқа:

-Жасаған жар болсын, қолдай гөр, аруақ!
- деп Жалаңтөс тілек-батасын берді.

Қалмақ батыры да тайсалмай ортаға келді. Өте сұсты, алып денелі екен. Бірден найзамен түйремеке ұмтылған қалмақты Жарылғап көз ілеспес жылдамдықпен қылыштады. Әлсіреген батырдың найзасы ұшып түсті, өзі де аттың сауырынан жер

сүзе құлады. Батыры өліп, рухы түскен қалмақ әскері ұзақ соғыса алмады. Қашып жүріп ұрысқан әскер бытырап тоз-тоз болды, құтыла да алмады, тұтқындалды. Қазақ әскері мол олжаға кенелді. Қоңыратта болған шайқастағы Жарылғаптың ерлігін – Сарыарқа жеріндегі ұмытылмас жеңіс деп бағалады Жидебай мен Жалаңтөс.

Жеңіске тоқмейілсу Жалаңтөстің табиғатында жоқ. Қалмақтардың алғашқы күш жинаған орталығы – Бертісті тез босатуға асыққан батыр жүзбасыларға байлауын мәлімдеді. Тектұрмас жағына жөнелткен топты кешкі бесінге дейін жорыққа дайындалуын міндеттеді де, Бертістің батысындағы ылдифа аттандырған сарбаздарға да арнайы міндеттер жүктеп, кезінде берілетін бұйрыққа дайын болуын ескертті.

Жауынгерлердің алдына батырдың өзі түсіп, қиқу сала Бертістегі ордалы жауға лап қойды. Қалмақтардың аттары да шалымды, сарбаздары да ысылған, өліспей берісетін емес, шабуылшыларға қарсы дүрсе қоя берді. Жалаңтөс алда келе жатқан екеуінің бірінен кейін екіншісін ілезде найзамен түйреп түсірді. Жалаңтөс әскері ат басын іріккенше екі жақ мидай араласып, сарт-сұрт айқаса кетті. Екі жақтан жауынгерлер ат жалын

күшып, аттары ойнап шыға бастады.

Ұрыстың тап ортасында найзасын онды-солды сілтеп, нағыз ерліктің үлгісін көрсетіп жүргенде күншығысқа қарай ойысқан жау шоғырын батырдың көзі шалып қалды. Сақадай-сай тұрған Жидебай бастаған сарбаздар садақтан оқ жаудырды. Тектұрмастағы адырлар ішінде үлкен қырғын болды. Қалмақтар амалсыз кейін шегініп, ну қамысқа бас сауғалады.

Жалаңтөс сарбаздарының жауды қыспаққа алып, тықсырып төне түскен шағында қалмақ әскерлерінің батыс жақ қанаты оқыс кейін серпіліп, тырағайлап қаша бастады. Басқа әскерлері де батысқа қарай ойысып, жан сақтаудың амалына көшті. Нақ осы сәтте Жарылғап бастаған қалың әскер қашқан жауды тосып алды. Олардың аруақ шақырған ұрандары да соғыс алаңына естіліп тұрды. Түйдек-түйдегімен айқасқан батырлар жауды әп-сәтте жусатып салды. Бишара болған қалмақтар ат тұяғының астына домалады. Аздаған шашыранды тобы қамысқа қашып тығылды.

Халқы үшін жан пидә етуге бел буған батырлар үш жерде болған соғыста да тамаша жеңіске жетті. Халқым дегенге құдай пана деген осы. Жеңіс құрметіне ақсарбасын айтып сойған Жалаңтөс:

- Жидебай, ертеде Айтқанқорықта болған ,
жеңіс тойында бұл соңғы жеңісіміз болмасын
деген едің. Сарыарқаның сайын даласында
жау атының тұяғы баспауға жазсын жасаған!
- деді.

- Әмин, қазақтың елі мен жері үшін,
қасық қанымыз қалғанша жаумен сабаласуға
бармыз, - деп Жарылғап жауынгерлердің
рухын көтере сөйледі.

- Қамыс ішіне бұққандарды жауынгер
деуге болмас, бас сауғалаған қашқындар
ғой. Оларға оқ шығарамыз ба? - деген
батырларға Жалаңтөс:

-Қадірлі Бертісбидің атырабында олардың
басқан ізі де, өзі де жер бетінде қалмай күл
болып кеткені мақұл. Қалмақтардың сауыт-
сайманыш, шатырын жағып жіберіңдер, -
деді.

Ымырт қараңғылығында көлдің
жағасында лапылдай жанған оттың алауы
төңіректі қызылшапаққа бөледі. Шалқаркөлге
нұр құйылып тұр. Су бетіндегі шағалалар
батырларды жеңіспен құттықтағандай.
«Келер нәсіл, ұрпақтарымыз осы жердің
игілігін көруге жазсын!» деп тебіренті
Жидебай.

Көктем. Жылдағы дағдысы бойынша Жалаңтөс ауылы Бақыркөмгенге келіп қонды. Мол сулы кең жазықта батыр ауылы мен көрші ауылдар аз күн отырып, жас төлді аяқтандырады, қыстауларда қалатын жатақтардың керек-жарағын сайлап береді, қалдыратын қоймаларын реттейді. Теріскейі биік адыр болып келетін Бақыркөмгеннің күнгейі көз жеткісіз тақтайдай жазық, айналасы көк бетеге мен алкүрең көдеге тұтасқан. Кең өлкеге келген әр ауылдың тұсында қаптаған қой-қозы, табын-табын сиыр, келе-келе түйелер, тырағайлап кеткен қалың жылқы. Қалың көкке емін-еркін тұмсығы тиген төрт-түлік бір орыннан қозғалар емес. Уызға тойған төл біткеннің бәрі де елжіреген күннің шуағына масайрауда.

Жалаңтөстің жаз жайлауы - Нұраның бойы, Қарағандының төңірегі. Мол шалғыны бар, жасыл төбелері мен сызды сайлары сыңсыған ну тоғай, кең өлке Сораңның үстімен өтіп, Нұраға барып құятын үлкен өзен - Басайрық. Дәл осы өзен Жалаңтөс ауылдары жайлауының ең шеті. Жалаңтөске қараған Маңқан, Байгел

ауылдары Бақыркөмген маңына жиналып, жайлауға қарай жөнелгенде Жәмшіні өрлеп, Көрпетай-Нұртай тауларының асуын басып өтеді. Үлкен ауылдың жүгі ертемен артылып, көштің алдына шығатыны ежелгі дәстүр. Он бес түйені тізген көш ерекше

салтанатымен алға түсті. Әр түйенің үстіндегі жүктің сыртына масаты кілем жабылған, түстері біркелкі емес, әр алуан. Қаражал құла жорғаға мінген Жібек бәйбіше алдыңғы түйенің бұйдасын қолына алып, көшті бастап барады. Соған тіркес он түйелі

көштің алдын Алтай батырдың қызы Мөлдір бастап келеді. Тағы он бес, жеті-сегіз түйелі көштер лайықгы сән-салтанатымен бірінің

артынан бірі салқар болып созылады. Көш айналасында сәнді киінген қыз-келіншектер мен жігіт-желеңдер кілең жарау сәйгүлік пен жорға мінген.

Ертемен айдалған қалың жылқының Нұраталдыға барғанына бірнеше күн болған. Жаңа аяқтанған төлдің бабымен баяу жылжыған көш Нұраталдыға дейін бір жеті жүрді. Көштер тізбек-тізбек болып, кең қоныс өзен жағасына қонып жатыр. Жаңа қонысқа келген қалың ауыл тездетіп жаппалар тікті. Жайлауға жеткенше бұл ел теңдірді шешіп, үй тігіп әбігер болмайды. Араға аз күн салып тағы да ілгері жылжиды.

Жалаңтөс үйінің кешкі асқа отырғаны сол еді, иттерді шулатып келген аттылардың дүбірі естілді. Кештетіп, суыт жүргендердің алдынан шыққан Алтай әкесіне:

- Келген Жарылғап», - деді.

Амандық-саулықтан кейін Жарылғап суық хабар жеткізді.

-Батыр аға, жайлауымызды жау иемденбек ниетте екен. Нұраның бойын жайлайтын

- Керней атаның қоныстарында қаптаған қалмақ ошарылыпты. Елдің көшінің алды

Ақсуға келді.

Жарылғап ауылдарының жаз жайлауы Жалаңтөспен іргелес отыратын. Ең су, кең өрісте тату көршілердің малы аралас жайылады, адамдары тату-тәтті. Айбынды батырлары бар ауылдарға ұры-қарының тісі батпайды. Есілді жайлайтын Бөгенбай батырдың ауылдарымен де қан жайлауда еркін араласып, сыйласады. Бөгенбайды Жалаңтөс ерекше қадірлейтін. Аруақты батырды пір тұтып, небір қанды шайқаста оның тапқырлығын, шешімділігі мен төзімділігін үлгі ететін.

- Бөгеннің елі де бері қарай келіп қалар, күш біріктіреміз ғой, - деді Жалаңтөс.

- Хабар алып отырмын, биыл құдамыз Ырғызды жайлайтын көрінеді.

(Жарылғаптың Қырбас деген баласының

әйелі Бөгенбайдың қызы).

Қалмақтар ұлы қолбасшы Бөгенбайдың даңқынан қатты сескенетін.

Бас батыр Ырғызға көшті, қазақтардың күші бытырайды! Нұраның бойын,

Қарағанды төңірегін алсақ барлық орталық қазақ елі қолымда болады деп есеп қылатын көрінеді қалмақтар. Сораңның, Қарағандының төңірегі қаптаған қалмақ.

- Жасағымды сайлап шыққан бетім, Жалаңтөс аға, - деп Жарылғап суыт жүрісін мәлім етті.

- Қалмақ әскерінің қанша екенінен толық дерек бар ма?

- Бірнеше мың, қара құрттай қаптап жүр, - деді шолушы.

- Ендеше жекелеп барып соғыс салу, тиімсіз болар. Төңіректегі бар батырларға хабарлап, күш біріктірген жөн.

Жалаңтөс пікірін бірден құптаған Жарылғап:

- Елдегі батырлар бес күнде мыңдап қол жинап, Ақбұйраттан табылуымыз керек, - деді.

Ауылдағы жігіттердің бірнешеуін жарау аттарға мінгізш, түн ортасы ауа қалың Қуандыққа, Қожағұл Торақ батырға, Тобықты Байзақ батырға, Әлтеке Жидебай батырға, Керней Есей батырға, Төлеңгіт

Қасабай батырға хабар жіберді. Жалаңтөс ауылдағы жігіттерден Алтайға бастатып қол әзірледі. Қару-жарағын жедел сай етті.

- Жайлауды қалмақтардан тазартқанға дейін ауылдар Нұраталдыда бола тұрады. Қарттар мен балалар, әйелдер қан көрмесін, - деп байлам жасады.

Аталмыш күнде Ақбұйратқа сарбаздарын бастап батырлар келді. Батырлар кеңесі қолбасылықты бірауыздан Жалаңтөске тапсырды.

- Менен жас бәрімізге танымал жас батырлардың біріне жүктесек қалай болар екен, - деген Жалаңтөске әскербасылары:

- Сіздей арыстан жүректі аға тұрғанда бізге не жорық! Сіз - басшы, біз - қосшы. Айтқаныңыз - бізге бұлжымас заң, - десті.

Жалаңтөстің шешімімен қалмақ бекінісіне бірнеше шолушы жөнелтеді. Олар түн жамылып барып, қалмақ әскерінің неше жерге шоғырланғанын анықтады. Азық-түліктердің сақталған орнын және қосалқы аттарының бағышатын жерін нақты білу керек. Таң біліне тіл алып келгендер қалмақтардың жалпы саны бірнеше мың барын, бес жерге топталып жатқанын, араларының екі-үш шақырымнан екенін мәлімдеді. Азық-түліктерін сақтайтын шатырлары шоғырдың орта тұсында. Қосалқы жылқылары да әскер

маңында бағылады екен. Қалмақ әскерлерінің басым көбі Басайықтың Нұраға құятын сағасы Қаражарға шоғырланған. Одан кейін бекінген жері Сораңның жазығы.

Жалаңтөстің мыңбасышармен өткізген қысқа кеңесінде білдірген тұжырымдамасы қысқа еді. «Жаудың да шолушылары біздің қимылымызды бағады. Іңір қараңғысында Қаражардан төмен барып, қалың тоғайға

орналасуымыз керек. Басайықтың екі жағында да сарбаздардың бекінісі болуы шарт. Майдан алаңы таулы емес, жазық дала. Жеңіске жеткен жағдайда қашып құтылатындар көп болады. Қалың шоғырларды жан-жағынан қоршап алып, азық-түліксіз қалдырып, қосалқы аттарын жиып алуға күш салу қажет».

- Майдан неше жерде болуға тиіс?-деген Жарылғаптың сұрағына Жалаңтөстің айтқан болжамы:

- Соғыстың барысында жоспар сақтала бермейді. Көп жағдайда күштен де айла-тәсілдің артықшылығы болатыны да бар.

Бір жерде жауды қоршауға алсақ, енді бірінде қаша жүріп соғыс салып, бекінісінен жыраққа әкетуді де естен шығармау керек. Кей жағдайда тікелей қоянқолтық соғыс ашуға тура келеді. Күшімізді сарқып алмай, бірнеше мыңбасыларды тың күште

ұстауымыз шарт.

-Таң қылаң бере сақадай сай тұрған қазақ әскерінің алдына шыққан Жалаңтөс:

- Басталғалы тұрған шайқас - өлім мен өмірдің белдесуі. Өзекті жанға бір өлім. Тәуекел түбі - сенім. Бабалардың аруағы қолдасын, сарбаздар! Жайрат, жауынды! - деді.

Бас батырдың аузынан шыққан ұран, бұйрықпен жігерленген сарбаздар Басайырқтың сағасында бекінген қалмақтың қалың қолын тұс-тұсынан қоршап, қыспаққа ала бастады. Ағарып атқан таңда жаңа көтерілген күн қанды сәуле бүріккендей. Аттарына мініп үлгермеген қалың жаудың бас нояны Дорцаг:

- Тұтқиылдан шабуыл жасадыңдар, жекпе-жекке келіндер, - деп қасарысты.

- Жекпе-жекке мен бармын! - деп арғымағына ойнатып ортаға шыққан Байзақ батырға Жалаңтөстің сенімі нық еді. Жігерлі, абыржу-аптығуды білмейтін Байзақ ат үстіндегі дара шайқастарда жеңіліп көрген емес. Жекпе-жекте бес қаруын шебер пайдаланатын.

Есік пен төрдей сары атқа мінген ноян Дорцаг сыртынан қарағанда ерекше зор екен. Алдында тұрған Байзаққа бірден найза салды. Өте жылдамдықпен қылышын

суырған Байзақ найзаны дарытпай қылыштай бастады. Қақ бөлінген найзаны тастай беріп, қолына айбалта алған Дорцаг құлаштап сермей бергенде, Байзақ шоқпармен жаудың оң қолының қарынан сілейте соқты, айбалта ұшып кетті. Ноянның келесі қаруын суыруына мұрша бермей найзамен түйреді. Қалмақ атының бауырына қарай өкіре құлады. Қоршап тұрған қазақ сарбаздары қылыш пен найзаға ерік берді. Қалмақтар садақ тартты. Көздемей атылған оқтың көбі дарыған жоқ, далаға кетті. Жау ығыса бастады, нағыз қантөгіс болды.

Қатары селдіреген қалмақтар бас сауғалап, қаша жүріп ұрыс салуға көшті. Азық-түлік сақтайтын шатыр Байзақ сарбаздарының қолында қалды. Мыңбасы Торақ батыр бастаған сарбаздардың бір тобы қашқан жаудың алдына түсіп, бекіністен ұзатып әкетті. Қазақтар кейін қашып барады деп ойлаған қалың қалмақ алданып қалды. Сораңның жазығымен өтетін өзен бойындағы талдың арасынан мұздай қаруланған Қасабай батырдың әскеріне ұрынды. Қарсы келген жаудың ес жиюына мұрша бермеген сарбаздар найзаға ерік берді. Қалмақтар пайда табам деп найза тапты. Арандаған әскері қырғынға ұшырады.

Дәл осы жерден жеті шақырымдағы өзен

бойына қалмақтың көптен бекінген қамалын
бесін төмен түсе Есей, Жидебай, Жарылғап,
Қасабай батырлар бастаған мыңбасылар
қоршауға алды.

Жидебай батыр атой беріп:

- Қапыда қалдым демендер, жекпе-жекке
батырыңды шығар, - деді.

Қалмақтар да іркілген жоқ Гуржэв деген
ноянын ортаға шығарды. Қабағынан қан
жауған, төртбақ, тайсалар емес. Екі батыр
екпіндеп келіп бір-біріне найза салды.

Бие сауым сайысқанда екеуіне де найза
дарымады. Қылышын суырған Гуржэв сілтей
бергенде Жидебай асқан жылдамдықпен
шоқпар сілтеді, құлақшекеден соққы
тиген жау омақаса құлады. Жидебай оның
атын жетегіне алып, сарбаздарына келді.
Қоршауда қалған қалың жау өліспей берісер
емес. Ымырт үйірілгенде қазақ сарбаздарына
мылтықтан оқ жаудырды. Қоянқолтық келіп
қылыштасып, қанжарды да сілтеп жүр.
Тастай қараңғыда жау қайсы, біреуді-біреу
біліп болар емес. Ысылдаған садақ оғы,
сатырлаған найза, жарқылдаған қылыш.
Ертоқыммен шауып жүрген аттар да көп.

Келесі күні Жалаңтөс бірнеше жүздеген
жауынгерлерді айбалтамен, қанжармен
қаруландырды. Қоршауға жаяу кіргізді.
Нақ осы сәтте Сармантайдың Алшағыр,

Тоғалақ батырлары мыңдаған сарбаздармен келіп, соғысқа араласты. Қыспақтағы жау әскері жазылып соғыса алмады. Жаяу сарбаздар қалмақтарды қойша бауыздады. Мыңбасылардың өздері бастап шабуылға шығып, ерліктің үлгісін көрсетті. Іштен де, сырттан да соққы көрген жау әскері көпке шыңамады. Бытырап қаша бастады. Көбі жаяу қалды. Қашып құтыла алмады, қойдай қырылды, қазақтан да көп шығын болды.

Бірнеше жерде болған ұрыс бір жетіге созылды. Сан мыңдаған қалмақ опат болды, сүйектері Сораңның жазығында, Нұраның бойында қалды. Сегізінші күні жаудың бытырап қалған селдір топтары, Басайрықтың жоғарғы ағысындағы Көкталға жиналып, күш біріктіруге кірісті.

Мыңбасылармен өткізген қысқа кеңесте Жалаңтөс:

- Сарбаздар шайқаста ерлік пен төзімділік көрсетті. Қаптаған қалың жауды ықтырған да, бұқтырған да сендердің батырлықтарың мен табандылықтарың. Жақсылыққа, жеңіске жету жолында табандылық керек. Ата-бабаның қасиетті жеріне жаудың аяғын бастырмау - ердің сыны!

- Шабуылды қашан бастаймыз? - деген Жарылғапқа бас батырдың айтқан кесімі:

- Бізде әлі соғысқа кірмеген бес қаруы

сай мындаған сарбаз бар. Оның үстіне төңіректегі қалың ел Қуандықтан, іргелі ата Сармантай, Мұраттан жасақтар үсті-үстіне келуде. Аттандық шешуші шайқасқа!

Қалың қолдың алдына шыққан Жалаңтөс туын жоғары көтеріп, «осы соғыста шейіт болған ерлердің кегі үшін! Жердің тұтастығы мен елдің бірлігі үшін жан пида!» деп аруақ шақырған ұран салып, жауға қарсы жұлдыздай ақты.

Дәл осы шақта барлық мыңбасылар «Қапта»! Ал, жауыңнан кегінді!» деп аттың басын қоя берді. Алда жалғыз келе жатқан Жалаңтөсті бірнеше қалмақ қоршап алды да, найзамен түйреуге кірісті. Алмас қылышын жарқ-жұрық сілтеген Жалаңтөс найзаларын бөліп тастады. Жедел шоқпарын сілтеп, бірнешеуін аттан допша домалатты.

Жалаңтөске иық тірескен Жарылғап қарсы келгендерді оңды-солды түйреп түсіре берді. Беті қайтып, қоршала бастаған жау садақтан көздеп атуға кірісті. Жырыңды қонтайшы садағын әскер басы Жалаңтөске кезеді. Көзделіп атылған жебе батырдың оң көзіне келіп қадалды. Жебені ешкімнің қолы батып суырып ала алмады, сонда батыр:

- Тәйірі-ай бәрің жиналып бір тікенді суырып ала алмадыңдар-ау, - деп өзі жұлып тастаған екен.

Көзінің жанары қоса ағып түсті.

Сарбаздарда абыржу болмасын деп Жалаңтөс атына қайыра мініп, соғысты қыздыра түсті. Алға ұмтылған сарбаздар жауын жапыра бастады, «Айтулы ерге оқ тисе, қиналғанын білдірмес» дегендей Жалаңтөс сыр бермеді. Қалмақтар көп қырылды.

Соғысты жүргізе беруге шамасы жоғын көрген бас қонтайшы бітім сұрады, жеңілгенін мойындады.

Жалаңтөстің көзінің құнына қарындасы Ақсұлуды кішілікке берді. Ұры итше тіміскілеген қалмақтар енді Сарыарқаға аяқ баспастай соққы жеді.

Шөбі шүйгін, суы мол кең өріс жер төресі Сораңда өткен жеңіс тойында жиналғандардың Жалаңтөске айтқан алғысы көл-көлсір еді. Той дастарқанында отырған Қуандықтың дуалы ауыз ақсақалдары:

- Жалаңтөс, көзсіз ерлік көрсеттің! Жараланғаныңды білдірмей, соғысты жүргізе бердің ғой. Ел үшін, жер үшін жасалған ерлік келер нәсілге де үлгі болары сөзсіз. Бүгіннен бастап Басайрық - сенің құрметіңе Соқыр деп аталсын», - десті бірауыздан.

Бұдан былай Жалаңтөс Соқыр батыр атанып кеткен екен.

-Бәрекелді!

- Көптің көкейіндегі сөз! Өзеннің аты -
Соқыр болсын!

- Енді тыныш ұйықтайтын болдық.
Жаудың атының тұяғы баспайды Соқырдың
маңына! Жалпақ ел Қуандық риза саған,
Жалаңтөс! - десті жиналған қауым.

Осы тойда алыстан келген қонақтар
бір-бірімен құда болып, бір-біріне сый
тартып жатты. Есей батыр Жалаңтөстің ұлы
Бәйгелге інісі Қарабатырды дос етіп қосып
берді. Қуаныш үстіне Жалаңтөс:

- Еліме келгенге құтпын, елімді тастап
кеткенге жұтпын. Ел мен жердің амандығы
үшін бел шешіп, бейғам отыруға болмайды,
-деп жүрекжарды сөзін айтты.

Содан бері үш ғасырдың жүзі болды.
соқыр өзенінің игілігін Жалаңтөстің туған
елі көріп отыр. Асты - қара алтын, үсті -
құнарлы ел ырысы. Соранда үлкен қала ірге
тепкен.

ЖАЛАҢТӨСТІҢ ҮШҚОРЫҒЫ

Жалаңтөс батырдың Маңқанды ұзатып әкелгенде, алғаш кереге жайып, шаңырақ көтерген жері - Қызылтастың күнгей жақ етегіндегі кең қоныс Басқорық еді. Бұл - бұрынғы «Бірлестік» колхозының орталығы, қалың шалғынды, мол тоғайлы, ең бір күйқалы мекен. Басқорыққа қыстайтындар қысқа пішен әзірлемейді. Қалың тоғайдың арасына кірген мал шөпті кертіп жеп, қоңын жоғалтпайтын. Қорықтың түстігі мен шығысында созылып жатқан Қызылтас - желге қалқан. Тік жауған қар болмаса, жаяу борасын дегенді қорық елі әлі көрген емес. Мал жайылатын жердің бәрі шөпке толып, тұнып тұр. Басқорықтың қысы осы төңіректегі басқа жерлерден әлдеқайда жұмсақ. Ара қашықтығы 6-7 шақырым Күзекадыр, Шолпан деген жерлерден қорықтың айырмашылығы жамылғысыз жылы.

Күнгейде жатқандықтан қорықтың қары бір-екі жұма ерте кетеді. Қызылтастың сайсаласынан аққан су дәл қорыққа келгенде кеңінен жайылып, көк жойқын қалың шалғынды алқапты шарасынан асыра негіздетеді. Бұл өңірде құлпыра өскен

гүлбәйшешектің, түрі сан алуан. Ал, жемістің түрлері - қарақат, бүлдірген, долана, мойыл, итмұрын, қымыздық, түйетабан - есепсіз мол.

Осындай жер жәннатына қалмақтардың қызығуы орынды. Көктемде жайлауға көшуге әзірленген Жалаңтөс ауылын шауып алуға келген Корен қалмақ әскері Ортақорыққа келіп бекінді. Басқорықтың күнбатыс жағында Жәмшіге баратын жалғыз жол Қараағаш кезеңінен асады. Қараағаш ит тұмсығы өтпейтін ұзыннан созылған ну тоғай. Оның екі жағы да қолмен қойғандай тік жартас. Жол өтетін қайқаңнан ені ат шаптырым ор қазып, жалғыз өткелді иемденген қалмақтар елге жаушы жіберіп:

- Басқорықты соғыспай беріңдер, - деп тепсінді.

Батырлар кеңесін шақырған Жалаңтөс қысқа ғана байлауын айтты:

- Алыспаған, жұлыспаған бостан атына мінбейді, тәуелділіктен құтылмайды. Сарыарқаның беліндегі елді бостыру қалмақтардың түпкі арманы. Өзен жағалағанның өзегі талмайды. Бізді Тоқырауын мен Жәмшіден айырып, елдің өзегін талдыру - жаудың түбегейлі мақсаты. Соғысқа қамдан, халайық!

Жалаңтөстің тапсыруымен таяу

отырған Қоянкөздегі ағайындардан, кершілес Қоянкөздегі, Көшкін аталардан және Тоқырауындағы қалың елден екі күнде 400-ден астам жау түсіргіш, балуан жігіттер жетті.

Алтай бастаған ержүрек жігіттер теректің кесінділерін сандықтан буып, арқалаған күйінде қараңғысын жамылып, Қарағаағаш кезеңіндегі қазылған орта тастап, жолды ашты. Демалыс деп аталатын төбеде отырған қалалмақтардың карауылдағы адамдарын байлап алып, аттарын олжалады.

Таң қылаң бере атқа қонған бес жүз жігіт Қараағаш кезеңінен асып, Қызылтастың батыс жағындағы салбырауында жатқан қалмақ әскеріне келіп килікті.

Жалаңтөс бетпе-бет келген жауды шоқпармен сілейте ұрып, найзаны түйреуге ерекше мықты болатын. Жігіттер! де атүсті төбелеске айлакер, өжет еді. Қолды бұл шайқасқа батыр ұлы Алтай бастады. Алдарынан жау әскері қаракұрым болып қаптағанда Жалаңтөс сасқан жоқ арғымағын тебініп, әскердің алдына шыққан ол, болат найзасын көтеріп тұрып:

- Ал, саспандар жау көп болса да, қорықпай, тайсалмай ұрысыңдар, - деп жауға қарсы аттың басын коя беріп, ағыза жөнелді. Айбалталы, найзалы әскердің колбасшысы

Жалаңтөс жауды ығыстырып, бетін қайыра бастады. Алтай батыр колындағы айбалтамен әскер басын кездей құды. Жекпе-жекке келгенде Корен қалмақтың құлаштап кеп басын шапты. Жау қаштының алды осы болды.

Бұдан әрі жаудың зәре-құтын ерксіз қашырған Жалаңтөс әскері айбындап кетті. Шетінен жау түсіргіш жігіттер жүздеген қалмақты найзамен шаншып түсірді. Берекесі кеткен жау әскері бетпе-бет шайқасқа шыдамай, тым-тырақай тұра қашты. Қашқан жауды түре қуған Жалаңтөс әскері Ұрынқайдағы елді азат етіп, Илекті жаудан босатып, Әулиеатадан асырып, Балқаш көліне дейінгі елді жау тырнағынан босатты.

Елін, жерін қалмақтан азат еткен Жалаңтөс Қосшоқының етегіндегі Қасқабұлаққа келіп, жау бекінген Ортақорыққа көл-көсір той жасап, көрші отырған Әлтеке, Керней елінен көп адам шақырды. Жау бекінген қорыққа бозқасқасын айтып сояды. Осы жеңістің құрметіне бұл жер «Айтқанқорық» аталсын деген де Жалаңтөстің өзі екен. Жидебай батыр:

- Батыр аға, ел мен жер үшін бүгінгі жеңіс соңғы шайқас болмас, - деді.

Айтқанқорықтың дәл іргесіндегі егіз

биікті Қосшоқы деп атайды. Күнгеі - қара бөктер, шөбі - бетеге мен жусан. Бұлқойдың, ырысты азығы. Осы жерді Маңқан ененің балалары қойдың құты дейді
Бұлақтың басында Адамбектің қыстауы тұр.
Ірі қара мен түйеге, мінер атқа жайлы мекен іргеде тұрған - Айтқанқорық. Оның шөбі ерекше жұғымды, тұсауымен жайылған аттың жалы құлағынан асады деп айтушы еді көнекөз қариялар.

Ақсұлу ененің балалары қыстайтын мекенжай - Аққорық деп аталады. Қызылтастың теріскейін алып жатқан кең өлке. Қарашада Айтқанқорықтан терістікке қарай жүріп, белеске көтерілгенде алдыңнан шетіне көз жеткісіз, «ақ теңізге» көзің түседі. Биік шыңның іргесінен басталатын мол жазықтың қалың шиі мен шалғыны күзде біркелкі ақ реңге айналады. Жайқалған шөп бейне ақ толқындай. Осыған орай жер аты Аққорық деп аталған екен. Ендігі бір аңызда бұл жердің шөбі малға ете жұғымды. Қыста төлдеген малдың сүті көктемдегідей мол, ағыл-тегіл болады. Ел аққа қарық болғандықтан Аққорық атанған екен дейді. Осы үш қорықтың бойын мекендеген «Бірлестік» колхозының адамдары Ұлы Отан соғысы жылдары игілікті істер тындырды. Ер азаматтың бәрі жауға қарсы

аттанғанда елдегі жас балалар мен еңкейген қарттар, аналар үш қорықта колхоз малын жақсылап күтіп, отанға оның өнімін көптеп берді. Пішен дайындап үлгермеген жылдары малды қорықтарға жайып, аман сақтады.

Сол бір шақта колхозды ұйымдастырушылардың бірі болған Жаппар ата соғыс жылдары жасының 70-ке келгеніне қарамай, бәйбішесі Рәзия екеуі Басқорықта жаздай отырып, белорақпен пішен дайындайтын. Оның үстіне төскейдегі бұлақтың мол суын жазыққа бұрып, картоп егіп, колхоз орталығындағы елді «екінші нанмен» қарық етуші еді.

Еңбек және соғыс ардагері Тойкен ақсақал әкесінің адамгершілігі жайлы былай дейтін: -1943 жылы Белорусь майданында соғысып жүріп, ауыр жараландым. Сол шақта әкемнің екінші класста оқитын ініме жаздырған хатын алдым. «Құлыным, жауға бабаң Жалаңтөстей мейрімсіз бол! Жеңіспен орал! Біз Рәзияжан (әкей үлкеннің де, кішінің де атын тік айтпайтын, шешемді осылай айтушы еді) екеуміз Жәмшіге көшпей, Басқорықта колхоз жұмысын атқарудамыз».

- Аққорықтың ақ қояны қойша өретін, - дейді еңбек ардагері Рақман Рақымбекұлы.

- Соғыс жылдары 15-16 жаста едім. Майдандағы адамдарға жылы киім керек.

Оны қайдан аламыз? Шешелердің ақылымен жылқының қылынан тұзақ істеуді үйрендік. Қалың шіліктің ішінде құрған тұзақтарға қояндар топырлап түсетін, - деп сөзін жалғастырды.

Қоянның терісін Базипа, Төкен, Жайдары шешелеріміз қағаздай етіп былбыратып илейді. Түні бойы осы терілерден солдаттарға арнап қолғап, малақай, жылы кеудеше тігеді. Қоянның еті жеңіл де, дәмді ас. Тіпті, оның сирағын да пайдаланатын едік. Қол диірменмен тартқан бидайдың ұны тасқа жабыса береді. Диірмен тасына жабыскан ұнды тазалауға қоянның сирағы таптырмайтын құрал. Киім-кешектің шаңын тазалауға да қоян сирағын пайдаланатынбыз.

- Мал өсірудің маманы болуыма септігін тигізген Жұмабек атаға қарыздармын, - дейді Рақман енді бір сәт ойын сабақтап. - 1943 жылдың қысы ауыр болды. Аққорықта сиыр қыстатып отырғанбыз. Ер азаматтар соғыста, еңбек армиясында. Жұмабек ата 150 сиырды бағып, күтуді өз міндетіне алған. Көмекшісі жалғыз мен ғана.

Шығыстағы Ұшайырдан (Қызылтастың ұшар басы) аса қатты соғатын жел бар. Жаяу борасын аршыған жолды, қорықты лезде көміп тастайды. Наурыздың басында

шөп тақырланып таусылды. Малдың жанын сақтайтын жалғыз жол - күрекпен қар аршу, қорыққа айдау. Қалың шилердің арасында қар оншалық қатты емес, күпсек. Сиыр жарықтық жылқы, түйе, қой сияқты қарды тебуді білмейді. Аршыған қорықты тұмсығымен шайқап, қардан тазартады. Аязды күндер! сиырдың танауынан шыққан жылы леп лезде мұға айналып, тұмсығымен шөп теріп жеуге көп мұрша бермейді.

Осы жағын ерте ойластыратын зеңгі бағбаны Жұмекең қалың шіліктің ішіндегі тұнып тұрған шөптің жел жағынан қардан аққала етіп үлкен ықтырма жасайды. Малдың бетін күнгейге қаратады. Түс қайта аяздың, желдің зәрі сынғанда жайылымда болған сиырлар кешке дейін осы әдіспен батылады.

Күн ұзағына тынымсыз ецбектенген Жұмабек қарт қабақ шытып кейімейді. Бейсауат сөзбен ісі жоқ. Сиырдың оты қанғанда барып айтатыны:

- Рахман қарағым, үйрен. Малдың тілі жоқ демесең, тіршілік үшін олар да аянбай күреседі. Әр түліктің ерекшелігін білу керек.

Аталған жайлы коньыс үш қорық бүгінде ұрпақтар игілігіне айналып, төрт түліктің кең өрісі болуда. Бір заманда келешек ұрпақ

үшін найзаның ұшымен елін, жерін қорғаған Жалаңтөстей батырлар Сарыарқаның төсінде асқан ерліктің үлгісін көрсетті. Қара тілге дес бермеген шешен, әділ би, қол бастаған Жалаңтөс есімін бүгінгі ұрпақ, келер нәсіл біле бермейді. Ал, тоқырау жылдарында ата-бабаларымыздың мұндай өнегелі істерін толық ашып, айта алмадық. Енді жариялылықтың лебі ортамызға оралғанда батыр бабаның кіндік қаны тамған жерін, батыр әулеттері диқаншылық еткен «Ақтоғай», «Жәмші» елді мекендерінде есімін жаңғыртарлықтай мектеп, кеше аттарын беру шараларын да қолға алған артық емес. Оның бүгінгі ұрпаққа патриоттық тәлім, тәрбие берерлік маңызы да зор.

1990 жыл.

ҚАРАҚОЗЫ

Аталы-балалы Құлақ пен Жалаңтөстің әңгімесі ұзаққа созылған жоқ.

- Балам, еншіңді ал да, жаңа қонысқа орын теп, өз тілеуіңді өзің тілегенің жөн.

- Әке, қалай бұйырсаңыз да ерік сізде.

- Ендеше інім Көшкіннің орналасқан жерін білесің ғой. Тоқырауынның оң жағасы. Батысқа қарай тұтасып жатқан таулар Бәйті, Қаракия, Дастар, Шаңырақтас, Байқозы. Осы таулардың баурайы шок-шок тоғай, бұлақ бастауға толы, шөбі шүйгінш. Қазір Көшкінің балалары бірнеше ауыл.

- Қай жерге көш дейсіз?

- Сен ел аузындағы Асанқайғы айтты деген сөзді білесің ғой:

Әулие тамам таудың ағасындай,
Кенелі жүйрік аттың тағасындай.

Тукөде қасқыр ішік жағасындай,
Елге бақ қонады жерде осындай.

- Бұл аңызды да, атаған жерді де білемін.

- Білсең, Тукөденің теріскейі қалың бұйрат. Одан бірнеше өзендер басын алады да, Тукөдеге келіп жайылады. Сол жерге барып орнық.

Жалаңтөс пен Жібек бірнеше үй

көршілерін алып, еншісіне жылқы мен қара малдан басқа қойдың төлінен жүздеген қара қозы таңдады. Алғаш ірге тепкен жері Майтастың Тоқырауынға қараған жағындағы қатпарлы бөктердің ортасында оқшау тұрған Қарашың. Биіктің төскейіндегі ну тоғайдың іргесінен мөлдір бұлақ ағады, төменгі саласы шабындық. Дәл осы жерден Жалаңтөстің жас отауы мен көршілеріне арналған үлкен қыстау бой көтерді

Тукөде. Төңірегі көз жеткісіз, тақтайдың бетіндей кең жазық. Бір шеті Кенелі тауларының Тоқырауын жағындағы Салбырауыннан басталатын бұл өлкенің терістігі Майтас, Байқозы, Қарашыңмен ұштасып жатыр. Шығысы ұзын аққан Тоқырауынның қалың тоғайымен тұтасады, түстігі Дуаншиге дейін созылады. Шырқап жатқан жазықтың кемерлері өзендер мен бұлақ-бастауға бай. Тукөденің даласы тутаса өсетін мол шалғын, қотан ши, қалың тарлау, бетегесі, көдесі киіздей қыртысты.

Қыста Жалаңтөс ауылдарымен қыстайды. Қысқы мал азығына арналған мая-мая пішен де осы жерден даярланады.

Алғаш қозы күземді алып, жайлаудан күзекке беттеген Жалаңтөс пен Алтай ауылының жігіттері пішен дайындауға Тукөдеге келгені сол еді. Созылып жатқан

кең жазықта қатарлап тігілген көп шатырлар мен ұшы-қиыры жоқ қалың аттыларға тап болды. Өлкені «иемденгендер» пішеншілерді тұтқындады да, «жердің иесі Қосабек пен Қореғу батырлар» деп жаушылары ешкімге дес беретін емес.

Қалмақтардың ойламаған жерден қалың елдің шұрайлы жеріне «иелік» еткені Жалаңтөс пен Алтайдың ыза-кегін қайрай түсті Тукөдеде ошарылып жатқан қалмақты куу бір батырдың ісі емес. Сан қанды шайқаста қол бастап, жауын жәукемдеген Жалаңтөс ашуды ақылға жеңдіріп, бір бие сауым ішінде жан-жаққа шапқыншы аттандырды. Оның сөзі қысқа болатын. Тоқырауын бойындағы қалың елге, Балқаштың жағалауында отырған көп Тобықтыға айтқан сәлемі «Балуан соғысқа берік. Жаужүрек жендеттерше бастатып, Тоқырауынның жағасындағы Ақтұмсыққа екі күн ішінде жігіттер жіберсін. Сол жерде жауға шабуға кірісеміз».

Ақтұмсыққа екі күнде мың жарым кол жиналды. Жалаңтөс қалың тоғайдан талды көптеп кестіріп, өзінің екінші жағына өтетін салдар әзірлетті. Ол кезде Тоқырауынның тоғайы ит тұмсығы өтпейтін қалың, суы өткел бермейтін ағын қатты болатын. Бұл жөнінде «Қозы Көрпеш - Баян

Сұлу» жырында:

Ер Айбас Тайкөк атпен тағы шапты,
Арасын тамам толдың оймен тапты.

Дейтұғын өзені осы Тоқырауын

Сол жерде үш күн жатып тоқырапты, -
дейді ғой.

Сонда Айбас батыр ну тоғайды айбалтамен
қиып, өзі мен Тайкөк атқа жол салуға үш күн
тоқтаған екен.

Жалаңтөс сарбаздардың әрқайсысын
жүз жігіттен бірнеше топқа бөліп, көбін
айбалтамен, шоқпармен қаруландырады.

Бір сан әскерді өзеннің сол жақ жағасына
жайғастырады. Қолдарына айбалта, қанжар
ұстатып, тоғайдың арасында соғыс салуға
әзірленді. Бір топ сарбаздарды Ақтұмсықтың
жоғарғы жағындағы биік жотадан асырып
жіберді де, келесі топты бекіністен төменгі
адырға далдаға ұстады.

Алтай бастаған жаужүрек жігіттерді
қалмақтың бекінісіне аттандырып, өзі
бірнеше балуан жігіттермен бекіністе жауды
тосып қалды. Сарбаздарды рет-ретімен
аттандырар алдында батырдың айтқаны:

- Жау жарылқаймын деп келмейді. Елдің
ырысы, бағы, жерін алып, жігіттерін құл
етуді көксейді. Соғыста қара күш жеңбейді,
жүректілік пен ептілік керек. Ақ жол
тілеймін, аттан, жігіттер!

Таң алдында қалмақ бекінісіне көрніс беріп, ұйқылы-ояу отырған жау әскерін соңына ерткен Алтай батырдың қолы кең жазықта шайқас салды. Әскер басы Қосабак Алтайды жекпе-жекке шақырды. Жырынды қалмақ Алтайдың кеп қару көрсететінін біліп, оның астындағы арғымағын құлақ шекесінен шокпармен ұрып құлатты. Жаяу қалған Алтай көз леспес жылдамдықпен Қосабакты атынан жұлып алып, айбалтамен басын шапты. Алтай жігіттерінің біразы жаудың калың шоғырын соңына ертіп өзенге жеткенде, алдарынан сайланған Жалаңтөстің ер қайратты жігіттері қаптаған тобырды топырлата қуа бастады. Дәл осы сәтте өзеннің жоғарғы жағында тұрған жорықшылар жауды екі бүйірінен қыспаққа алды. Алтайдың әрі балуан, әрі соғысқа берік жігіттері қалмақтардың кейіні қашуына мұрша бермейді

Жау түсіргіш жігіттермен сақадай-сай тұрған Жалаңтөс тобына қалмақтың батыры Қорегу бастаған қалың шоғыр айқаса кетті. Сатұр-сұтыр қағысқан шокпар, сойылдың үнінен басқа ештеңе естілмейді. Кезеніп айқасқан жаумен Жалаңтөс Жігіттер асқан табандылықпен соғысты. Жекпе-жекке келген Қорегу мен Жалаңтөстің айқасы ұзаққа созылған жоқ. Ат үстінен емен

найзамен түйреген Жалаңтөс Қорегуді
бірден-ақ ұшырып жіберді. Оның кайыра
найза көтеруіне мұрша бермей, шоқпармен
сілтейте ұрып, жер жастандырды.
Қалың колды бастаған қалмақтың екі
батыры да опат болған соң, басшысыз әскер
тым-тырағай қашуға айналды. Жан-жағынан
қыспаққа алынған жау шоғыры өзеннің
сол жағасына өтуге тырысқан еді. Нақ
осы кезде тоғай арасында тұрған тың күш
алдарынан лап қойды. Бұл кезде Жалаңтөс
жауынгерлерінің қолымен жүздеген қалмақ
опат болды, көбі Тоқырауынның суына
қойдай тоғытылып, балықтың жеміне
айналды. қалғандары тұтқындалды. Өшігіп
жер алуға келген калың жаулар енді бас
көтерместей болып, байтал түгіл бас қайғы
болды.

Жорықшылар Тукөдедегі қалмақ бекінген
иесіз шатырларға келгенде:

- Өртендер! - деп бір-ақ кесті Жалаңтөс.

Жаудың киім-кешегі, сауыт-сайманы, қару-
жарағы, азық-түлігі, арбалары, бәр-бәрі
күлге айналды.

- «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» деген ғой.

Жерімізді таптағысы келген жаудың мүлкіне
қол арамдамалық, ағайын. Осы қасиетті
мекенге бұдан былай жаудың табаны тимеуге
тиіс, соған жазсын! - деді батыр.

Жалаңтөс жаудан олжалаған аттарды соғысқа қатысқан жігіттерге бір-бірден жетектетіп, «сұрауы жоқ» деді.

Жорықтан қайтдан сарбаздарды Жібек ана бастаған кексе әйелдер мен қыз-келіншектер ауылдың сыртында қарсы алған болатын. Әйелдер жақындап келгенде жауынгерлерге тізерлеп сәлем қылды. Жалаңтөстен басқа Алтай бастаған жас жігіттер аттарынан түсіп, еланасы Жібек бәйбшеге амандасты. Әйелдер содан кейін ғана орындарынан тұрды. Жалаңтөс батыр ұрпақтарын әйелдерінің атымен атандырған екен. Жібектен тараған нәсілдердің бәрі де өздерін «Жібек ененің балаларымыз» дейді. Жеңіс тойын Жалаңтөс Қарашыңның төскейіндегі қалың шалғынды, мол суды, кең қоныста өлкеде өткізді Тоқырауындағы, Жәмшідегі Сарым мен Өлтекеден, теңіздің теріскейіндегі көп Тобықтыдан тойға келгендер есепсіз мол. Тойға сойысқа ту биелермен қоса кілең меңсіз қара қозылар сойылды. Қара қозыныңщ терісі күн сәулесін мол қабылдайды, оның еті дәмді және емдік қасиеті де бар. Қадірлі қонақтарын осылай сыйлауды Жалаңтөс батыр ауылдастарына тапсырған болатын.

Тобықты елін бастап келген әулие би Қараменде Жалаңтөске, Сарымның бірнеше

басты батырларына:

- Жер-біздің анамыз. Анамызды қаскөй жаудан қорғаған ел қорғаны батырларға саулық, елге ынтымақ-береке берсін жасаған. Арқаның жоны Ақтоғай өңірін қалмақтардан қорғауда, батыр ағамыз Жалаңтөс, сіздің еңбегіңіз ерекше. Жерге, елге бақ әкелетін сіздей азаматтар көп болғанын тілеймін қадірлі ел ардақтысы Жалаңтөс аға! Сіздің ата қоныс құт-мекенің «Қарақозы» аталуға лайық, - деп би бетін сипады.

-Айтқаның келсін! Батаң періштенің құлағына шалынсын, дуалы ауыз әулие! - деп отырғандар бар дауыспен қайталады. Ердің құнын бір сөзбен бітіретін Қарамендеге елдің ықыласы ұшан-теңіз екен.

Бүгінде Қарақозыда «Тоқырауын» совхозының бір отары қыстайды. Колхоздастыруға дейін мұнда Жібек ененің Тұңғышбай, Сәрсенбай деген ұрпақтары мекен етті.

Бір заманда Арқа жонын қалмақ шапқыншыларынан азат етуде күш-жігерін сарып еткен Жалаңтөс ұрпақтары Түкөде мен толқынды Тоқырауынның игілігін көруде. Осыдан екі ғасыр бұрын Ақтоғай елі Тоқырауынның жағасынан арық қазып, егін өсіре бастады. Тұнық су (Қай мезгілде де өзен суына салынды тұрмайды), түтін тартса

майы шығып тұрған қара топырақты алқапта бидай бітік өседі. Өткен ғасырдың тұсында Құсбек төре Қарқаралы дуанына аға сұлтан болып сайланған соң, Тоқырауынның саласы Жіңішке өзенінің төңірегінен ауылдастарына жер бөліп беріп, егін ектірген екен. Содан бері бұл ел отырықшылдыққа айналды. Жер-ананың емшегін емген ел жұт, ашаршылық деген апаттардан аман. Осы елдің біразы 32-нің зұлматынан да уыстылық астығымен жан сақтап қалды.

Арқа өңірінің ақиық батыры Жалаңтөс есімі - ұрпақ зердесінде. Ол жаудан қорғап қалған жер бүгінде мыңыраған мал бағып, жайқалтып егін еккен ұрпақтың мәңгі игілігіне айналған.

1992 ж.

ЖАЛАҢТӨСТІҢ БИЛІГІ

Тегеуірінді би Кеңгірбайдың бетіне тіке келер тобықты жоқ. Ойы жұмбақ, сөзі қысқа. Әмір қыл да бағындыр – оның санасына кірген бұлжымас заңы. Барлық туыстары Жетімомыннан бөлініп шығысқа көшкенде оның шешіміне қарсы келген адам болмады. Кейде араз, кейде бітімге келіп, Матай елінің жеріне – Шидің бойына баса көктеп қонғанда да бимен дауласқан жан жоқ. Қырдағы Орда, Көкен, Доғалаңға қоныстанған Тобықты оны місе тұтпады. Шыңғыстың бөктеріндегі Матай жерін тартып алуға Кеңгірбай даярланып, батырлары көп Жуантаяққа соғысқа қамдан дейді.

Ырғыз бен Торғайдан Тобықтыны бастап бірге көшіп келген Қараменде би Қабекеңнің қабан сықылды бұрылмайтын мықты деген сөзден шыққан бұл қылығын құптамады. Қалмақты шабысуға жан салған Матайдың түпкі арманы Шыңғысты иемдену болатын. Хан Шыңғысбосағанын хабарлап, Тобықтыға көшіп келіндер деген де матайлар. Қырдан қалаған қонысты берген де солар. Орныққан жерінен ағайынды бостыру – қиянат.

Есіл-дерті Шыңғысты алуға ауған Қабекең Қараменденің сөзіне құлақ

аспай, онымен қырғикабақ болды. Дадан Тобықтының биі Қараменде орналасқан қоныстарға көз алартып, туыстарын жерден ығыстыруды көздеді Ағайынның арасына алалық кіріп, жак,ын туыстар ащы болатын. Бір ата, бір рудың балалары жер үшін түс шайысып, араздық күшейіп кететін түрі бар. Жақын туыс бірліктен кеткен сон, келер ұрпақ жауығып өседі Қабекеннің қатты, мойыны бұрылмайтынын ертеден білетін Қараменде істі насырға шаптырмай, өзі басқарып отырған Дадан Тобықтыны бастап Сарыарқаның жоңына батысқа қарай көшіп кетті.

Қараменде бастаған Тобықтының келген жері Әлтеке, Сарым елдері мекендейтін Тоқырауын, Жамшы өзендерінің төңірегі - Сарыарқаның жоны. Бұл елдердің басты адамдары би, батырлары Жидебай, Жалаңтөс, Шабанбайлар ағайынға құшағын айқара ашты. Балқаштың терістік жағалауын, Тоқырауынның төменгі сағасын түгелдей босатып берді. Ен жер, жайлы қонысқа орналасқан Тобықты елінің басы мен малы қаулап өсті. Әділ де, қайырымды Қараменде Әлтеке-Сарымның құрметіне бөленді. Оның атын тік атамай Жидебай батыр Қара пірім деп пір тұтатын. Ұпақтары қастерлеп баран ата дейт.

Қалың Арғыннан бөлініп Шыңғысқа келген Тобықтының жартысы көшіп кетті. көрші отырған ағайын Матай мен Қабекең бірде тәту бірде қату. Жастар өкпелеп кеткен туыстарын сағынады, қарттар тұрғыластарын аңсайды. Жуантаяқтың басты батыры Тоқтамыс Қанжығалыға туыстарына жолаушылап кеткенше алты айдың жүзі болды. Қайтып оралмай жатыр. Елінің, ауылдастарының қабағын әрқашан сергек, танығыш көзбен болжай қарайтын Кеңгірбайдың әдеті еді. Ойға түсті, толғанды. Қараменденің, кеткен елдің бауыры суып, жат болып кетеді-ау деген тұжырымы бидің ойынан шықпай қойды. Қабекең шынында Қарамендені айрықша бағалайтын. Жалпыға бірдей, адал, қамқор аға деп білетін. Аға-іні болып жүріп, оны қатты өкпелетіп алғанына қиналған би өкініп еді.

Кеңгірбайдың тығыз бұйрығымен он бес адам Қарамендеге баруға әзіреленді. Бұларды бастап баратын бидің сенімді серіктерінің бірі Көбей. Айтқан сәлемі:

- Ашу ағадан, айып ініден. Тіріге тірінің ісі түсер күндер болар, еліңе, жеріңе, туыстарыңа келіп қайтыңыз, жақсы аға!

Көбейлерді дадандықтар қуанышпен қарсы алады. Туыстарға баруға Қараменде жедел камданады. Сарыарқа жонының

басты адамдары Жидебай, Жалаңтөс, Керней атаның батыры Жарылғаптар бастаған жиыны сексен адаммен Шыңғысқа келді.

Кеңгірбайдың өзі отырған үйге кірген қонақтардың алдыңғы легіндегі Жидебай батыр:

- Ассалаумағалейкум! - деген кезде қойнынан қызыл түлкі сылаң беріп шыға келеді (Аңызда Жидебайдың алдында түлкі жортып отырады дейді). Түлкіге жалт қараған Кеңгірбай:

- Өмірімде мойным бұрылып көрмеген еді. Түлкіге қалай қалай бұрылғанымды аңғармай қалдым ғой. Мына сесті батырың кім, Қараменде? - деді.

- Келгендердің бәрі де туысың, Сарыарқа жолындағы елдің ары мен намысын жоғары ұстап жүргендер. Дадан Тобықтыға қоныс берген, бауырласып кеткен Жидебай, Жалаңтөс, Жарылғап батырлар.

Ежелгі мекен - Шыңғыстау.. мал өсірген қазақтар үшін отты, өрісті, жылы ықтасыны көп жер. Сәуірде бауырда отырған Кеңгірбай ауылының төрт түлік малының төлі аяқтанып, ақ молыққан шақ. Келген қонақтарды алаңсыз күтуге кіріскен Кеңгірбай ауылына Зайсан, Тарбағатай, Алтай сілеміндегі көшпелі жоңғар басқыншылары бас құрасып, Шыңғыс еліне жорыққа әзірленуде деген

тосын хабар жетті.

Бейбіт күндердегі ел мен елдің ет пен тері арасындағы өкпе-назы жайына қалды. Атамекенді қорғау, елді жетім етпеу - ортақ міндет. Қазадтың ата қонысы бұл өңірден жоңғарларды құрту - дүйім елдің борышы, халықтық іс. Тобықты мен Матайдың батырлары басқаратын топтар жасақталды. Ертістің оң жағасын мекендейтін қалың Найманнан көп сан әскер құрылды. Жидебай мен Жалаңөс бастаған мың сан қол Ертістен өтіп, Алтай тауларына тартты. Жасақталған жоңғарлардан қиыр шығыстағы ел жұртымен (тылымен) байланысын кесіп тастауды көздеді.

Қарақұрым боп қаптаған жоңғар әсдері Ертістің оң жағасындағы Алтай тауының салбырауынындағы қалың қарағай ішіне бекінген еден. Жау әскерін шығысы мен батысынан қоршаған қазақ сарбаздары олардың сыртпен байланысын үзді. Бірнеше күн қоршауда болған жоңғарлардың азық-түлігі азайды. Ашыққан жау әскерінің біразы басшысына бағынбай қашуға айналды.

Дәл осы кезде мың сан әскердің алдына шыққан Жидебай:

- Тез бекініске енуіміз керек. Жүз адам соңымнан ер! - дел ұран тастады.

Атын ойнатып, жай түсіргіш жүз жігітпен

Жалаңтөс шыға келеді. Ержүрек батырлар қаптаған қалың жауға лап қойды. Айқай-шу, ұраннан жер дірілдейді.

Бірнеше күн нәр татпай күн ұзақ қайсарлықпен соғысқан жоңғар әскерлері ұлы бесінде бетпе-бет айқасқа шыдамай шегіне бастады. Жидебай колының сатырлаған сойылы мен сыңсыған найзасы жауды шыдатпады. қараңғы түсе жау әскері жеңіліп бекіністі тастай қашты.

Осы жолы жаудың бетін қайырып, шебін бұзып қана қою түбегейлі жеңіс болмайтынын ерте болжаған Жидебай жиналған әскерді таратқан жоқ. Қасына ерген Жалаңтөс, Тоқтамыс, Жарылғап батырлардың әрқайсына жүздеген сарбаздарды бөліп берді. Алтайдың батыс сілемінде отырған жоңғарларды түгелімен көшіріп, атамекенді азат ету керектігін айтты. Шебін жазбай, тізе қоса отырып, соғысқан қазақ батырлары Шығыс Қазақстан мен Семей облыстарын босатты. Жидебай бастаған қол жерлерін жоңғарлардан түгелдей Үркітке дейін үркіте қуып, қайыра бас көтерместей етіп жаныштады.

Кеңгірбай ауылына жеңіс тойына жиналғандар есепсіз мол еді. Қуанышта шек жоқ. Атамекен азат етілді, өріс, қоныс кеңіді. Ағайындардың ауызбірлігі жарасып,

татуласты. Қалың жиынның алдында
Жидебай тойға береке тіледі.

- Осында отырған ел ағалары жақсы біледі. Жүз жылға созылған қазақ-қалмақтың қырғын соғысына Шыңғыс тауы тірі куә тәрізді. Бабалар осы жер үшін жанын пидә етті. Менің бабам Дос батыр жау қолында тұтқында қалғанда «Қазақтар аман болса жаным садаға, менің кегімді келер нәсіл - немерелерім қайтарына сенемін» деген екен. Әл-шамам келгенше елімді жерімді жаудан қорғап келемін. Біз Батыс пен Шығыстағы озық елдер сияқты ұлы күмбездер мен шаһарлар салған жоқпыз. Ұрпаққа қалдырар мұамыз ұлан-ғайыр жеріміз мақтанышымыз да, байлығымыз да - қазақ жері. Ел мен жердің тұтастығы мәңгі болсын!

Ата коныс, жерұйық мекенімізді жоңғарладардан азат етуге атсалысқан. Сарыарқаның аруақты батырлары өркендерің өссін, көп жасаңдар! - деп Бөжей батасын берді.

- Шидің бойын Қабекең иемденіп алды. Осының бітімін айт, ара ағайын! - деген матайларға «билікті Жалаңтөс би айтсын» дейді Жидебай.

- Айтсын! Айтсын!

Жалаңтөс жауға шапқанда бетінде ерекше

айбар пайда болатын. Осындай шақта оған ешкім тіке қарай алмайды екен. Ал жайшылықта ақжарқын, бауырмал. Небір қиын істерге төрелік айтқанда «әділет - адастармас темірқазығым» дейтін.

- Тобықты аға болғанда Матай інісі. Бір анадан туған төл, бір желідегі құлындай тату елсщдер. Тобықтыны атамекенге кел деп шадырған да езщсщ. Айтарым - татулық бар жерде тауқымет жоқ. Ағаца тиген бір конысты сурау жол емес. Жиналған журт орындарынан:

- Жалаңтөс дұрыс айтады, - деп айғай салды.

- Қорық Қабекендікі! Елге керегі - татулық. Жалаңтөстің билігін жиналған билер бірауыздан бекітті.

Қараменденің ақылымен Бөжей мен Кеңгірбай құда болады. Қабекеннің Ералы деген баласына Бежейдің қызын айттырады. Одан туған немересінің атын нағашысының құрметіне Бөжей қойған екен.

Халықтың алдына шыққан Кеңгірбай бір ғана байлауын білдірді.

- Шешімдеріңе құлдық, ағайын! Қараменде бастап келген қонақтар ақжолтай болды. Арқа жонының батырлары жауды жеңуге күш салды, жауға тегеуірінді соққы берді. Аруақты батыр Жидебай ел мен жер

туралы жеткізе айтты ғой. Қара қылды қас жарған билік - Жалаңтөс кесімі. Қорық дуалы ауыз, тура би Жалаңтөстің атымен аталсын!

Отырған жұрттың бәрі қатарынан үн қосып, ризалық білдірді:

- Бәрекелді! Дұрыс шешім!

Жалаңтөс осы сәтте көрсетілген құрметке сәл қысылып қамшысын алдына тастады да, сөзін жалғастырады. Үні зор, сөзі қысқа, батыл екен.

- Халайық, маған берілген үлкен сый осында отырған барлық батырларға көрсетілген құрмет қой. Билігімді құп алғандарыңа рахмет! Қазақтың әйгілі батыры, жасы үлкен ағамыздың құрметіне қорықтың аты Жидебай болсын! Отырғандар бір ауыздан дауыстап:

- Аға сыйлағанның - абыройы үстем.

- Өркенің өсін, үбірлі-шүбірлі бол, Жалаңтөс!

- Құп айттың, сөз сол-ақ. Жидебай қорығы деп аталсын!

Жидебай қорығында ұлы Абай дүние есігін ашып, алғаш кіндік қаны тамды. Осы мекенде ұлы ақын жер-ананың құшағына енді. Жидебайда туып, бүкіл әлемге мәшһүр болған Абайдың музей үйі де осы жерде.

Сарыарқаны жаудан қорғауда берік қалқан

болған Жидебай батырдың атында жалғыз Абай қыстауы ғана. Батырдың зираты тұрған Аксу - Аюлыдан жей шадырым жерде де Жидебай демей қайрақтылықтар Машуран су қоймасы атандырды. Жалаңтөстің туған жері мекені Қызылтаста да оған арналған белгі жоқ. Осыдан үш ғасырдай бұрын өмір сүріп, келер нәсілдің қамын жеген бабалардың атын мәңгі есте қалдыру - бүгінгі ұрпақтың парызы емес пе?!

*Қалкен МӘКЕНБАЙҰЛЫ,
Ұлытау, Ақтоғай аудандарының,
Жезқазған қаласының Құрметті азаматы.*

БҰЛАНТЫ ШАЙҚАСЫНДА

1728 жылы шағбан айында Түркестан қаласында Қалдан Серен қонтажы кеңес өткізді. Өзінің таңдаулы әскербасылары Септен мен Сары-Мәнжі: «Ендігі жерде қарсылық көрсететін қазақ елінде әскері жоқ. тоз-тоз болған күш, Жекелеген, тиіп-қапша ұрыс болмаса, зор майданна мұршасы келмейді" деп хабарлама жасады.

Қазақ елінің жиырма бес қаласын, бүкіл шығыс, оңтүстік өлкесін жаулап алған жоңғар басқыншыларының тасы әрге домалап, кеудемсоқ өктем шағы болатын. Осы кеңесте Қалдан-Серен қонтажы зұлхижә айында ордасын Ұлытаудың төскейінде тігетін шешімін білдірді. Дүрбіт-Ойрат әскерлері жаз бойы самал желді салқын көлді, жұпар иісті Ұлытау жайлауында сайрандап, серуендейді деп лепірді.

Осыған орай, шәууал айында әскербасы Септен басқарған жиырма мың шерік Телікөлге келіп майдан шебін құрды. Осы жылы зұлқағда айының ортасы ауа

Сарыкеңгір-Қаракеңгір өзендерінің бойында жоңғар басқыншыларына қарсы қазақ әскері жасақталды.

Орта жүз ханы Сәмеке, Кіші жүз ханы Әбшқайыр, Әбілмәмбет хан, Жолбарыс хан, Көкжал Барак Ұлытауда хан кеңесін ашты. Ұлытауда жиналған қазақ қолын үш топқа бөлді. Бөгембай баһадүр он мың қолмен Бұлантының терістік батысынан шабуылға шығатын болды. Бұл негізі шайқас майданы.

Ал Қошқарұлы Жәнібек колы Қарақұмнан жасырын өтіп, Сандықтау тубінен соққы беру. Қабанбай бастаған қалың қол Сарысу өзенінің Жамантау жағынан із тастап, Көктебе тұсынан шабуылдау.

Алдын ала келісім бойынша зұлқағда айының жиырма бірінші жұлдызында дүйсенбінің сәтті күні таңертеңгілікте шабуылды Бөгембай батыр қолы бастайтын болды.

Ол күні Қабанбай мен Жәнібек батырлардың әскері соғысқа кірмей, жау шеріктерінің орналасуын және алғашқы күнгі бағыты мен қимылын бақылауға алмақ.

Қарасиыр өзенінің нарқамыстары арасына жасырынған Қожас сардардың немересі Бөргөз батырмен Құлықұлы Жалаңтөс

батырдың жүздіктері жау әскерінің батыс жағынан тиіспек. Яғни, алғашқы шабуылды осылар бастамақшы, сөйтіп, жау әскерінің бетін өздеріне аудару. Бекенбай, Тайлақ, Саңырақ батырлардың мыңдықтар Қарасиыр өзенінен Септен батырдың негізгі қолына қарама-қарсы аттанды.

Септен таң ата Соңшихар бастаған бес мың шерікті Бұланты өзенінен өтуді бұйырды. Олар қарсы келер қазақ колы жоқ деп есептеп, дабырлап-самбырлап, тұнық сулы өзенге ат-матымен түсе бастады.

Осы кезде тосқауылда жатқан Бөгембай батырдың әскерлері қамыс арасынан садақ оғын жаудырып берді.

Бөргөз, Жалаңтөс бастаған жүздіктер өзеннен өтіп үлгерген жаудың алғшқы тобын тұтқиылдан шабуыл жасап, ұйпатұйпасын шығарды. Қарбалас шақты пайдаланып, өзеннің бір тереңдеу жерінен жау сыртына өтіп үлгерді.

Қазақ жасақтарының негізгі тобын басқарған Тайлақ батыр жау шерігінің көпшілігі өзеннің орта шенінен бері өткен кезде садақ оғын карша боратты. Жау өзен ішінде өлгеніне қарамастын өршелене алға ұмтылуда.

Жалаңтөс пен Бөргөз батырлардың төрт жүздей қолы жау шерігінің желке тұсынан

жәй оғындай жарқылдай шайқасты. Мұндайды күтпеген жау шерігі тек жан сауғалап өзенге апыр-топыр түсе бастады.

Жалаңтөс батыр жүздігімен Соңшихар тұрған төбешікке қарай оқ бората, Кертұлпарын көсілте салды. Қазақ қолының қапылыста арт жақтан шабуылдап келе жатқанын көзі шалып қалған Соңшихар ендігі жерде жалтарудың жолы жоқ екенін түсініп, Қарайғырын азыната Жалаңтөс қарсы тұра шапты.

Жүздеген оқ бойындай оза шапқан бетінде Жалаңтөс батыр Соңшихармен найзаласып өтті. Жоңғардың қолы қатты екен, ұрған найзасына қалқан қойып үлгермегенде, екпінмен қапыда кете жаздады. Батырдың сол қолы ұйыңқырап қалды. Басымдылығынан дәмеленіп қалған Соңшихар Қарайғырына қамшыны көміп-көміп жіберіп, найзасын жебей жүйткіп келеді. Найзамен ала-алмайтынын сезген Жалаңтөске астындағы атын желе аяңдата, жау батыры таянғанда тақымды қысып-қысып жіберді. Мұндайда сыры мәлім Кербесті жау атының алдынан аспанға тік шапшыды. Осы сәтті тез пайдаланған Жалаңтөс оң тақымындағы қатқан қайың шоқпарымен жау батырын желке тұстан ұрып үлгерді.

Ат жалына еңкейіп қалған Соңшихар
басын қайта көтерместен айғыры арындай
тартып өз шеріктерінің ортасына кіре берді.
Жалаңтөс те ат екпінімен қайта
қайырылып ұруға мұршасы келмей, жау
шерігінің қоршауына пілді.

Бұланты мен Қарасиыр, Сарысу
өзендерінің бойында бір жетіден аса
жоңғарларға қарсы ірі-ірі ұрыстар жүргізілді.

Жау жағының күші басым. Қазақ қолы
қайсарлықпен шайқасуда. Кейде екі жақ тең
түсіп те жатады.

Қалдан-Серен қайткен күнде жеңісті
қолға ұстау мақсатында Септен шіріктеріне
қоса жеті мыңнан аса тың әскер жіберді.

Тың әскер күшін алып, қатарын
толықтырған Септен шабуылды үдете түсті
Бөгембай қолына үсті- үстіне соққы бере
бастады.

Ұрыстың он күні өтті-ау дегенде
ойламаған жерден шеп құрған, Септен батыр

Бөгембай баһадүрға жекпе-жек ұрысына
бастауды ұсынды.

Септеннің өзі шыға ма деген оймен
Бөгембай да жекпе-жекке шығуға
дайындалды. Бұрында бірін-бірі ала алмай
қос батыр енді күш сынаспақ. Неге екені
белгісіз Септеннің орнына Соңшихар

Қарайғырын ойнақтатып шыға келді. Бөгембай батырдың бетіне түгі шығып, қаһарлана түсті. Осы кезде Кертөбелін жорғалата батырдың алдына жетіп келген Жалаңтөс:

- Батыр аға, маған рұқсат етіңіз, Соңшихарда ұпайым бар, - деп саңқ ете түсті.

Бөгембай да:

- Бар, бауырым жауыңды жеңіп, аман қайт, жолың болсын! - деп бетін сипады.

Жалаңтөс те Кертөбелін жауға қарсы көсілте салды.

Соңшихар да Жалаңтөсті қиырдан танып, айғайға басып қарсы тұра шапты. Екі батыр да кезек күтісіп тұрмай-ақ, найзамен қағысып өте шықты. Найзаларын бір-біріне дарытар емес. Ендігі кезекті шоқпарға берді. Ауыр зілді қолмен ұрылған шоқпарлар сатұр-сұтыр мойнынан үзіліп түсті. Қылыш айқасы басталды. Жалаңдаған болат қылыштар шақыр-шұқыр түйісіп, қолдарынан ұшып түсті.

Енді ат үстінен белдесу басталды. Екеуі де қара терге малынып, белдесіп тартысқанда зор күшке шыдамай аттары шөке түсті. Аттарынан ума-жума түскен екі батыр жаяу айқаса түсті. Соңшихар ерекше жылдамдықпен Жалаңтөсті ұстаған бетте

лақтырып үлгерді.

Жығылмай тік түскен Жалаңтөс намысқа булығып, Соңшихарға жолбарысша атылды. Иә, аруақ деп ақыра, Соңшихарды оң жамбасқа ала ұрып жіберді. Оң қолының саусақтары астына түскен Соңшихардың алқымына ілікті. Уысын сығымдап, саусағын қыса түскен Жалаңтөс, енді жауының кеудесінен тізесімен нығырлай бергенде, көзінің алды жарқ етіп, басы айналып жүре берді. Қас қағым сәтте есі кірген Жалаңтөстің байқағаны, астында жатып, жан ұшырған Соңшихар жұдырығымен ұрып жіберген екен.

Ызаға булыққан Жалаңтөс тізесімен екі-үш рет нығырлай, уысын батыра сығымдады. Сол қолымен қынабандағы болат кездігін алып, Соңшихардың алқымынан орып жіберді. Жау батыры қорылдап барып сұлық түсті. Жалаңтөс Соңшихардың айдарынан ұстап басын шорт кесіп алып, тұруға шамасы келмей жан-жағына қарады.

Жекпе-жекті бақылап тұрған екі жақ та ұрандап қарама-қарсы шабысты. Бөргөз, Садығұл, Асан батырлар жүздіктерімен көзсіз ерліктерімен бұзып жара, жау қоршауына түсірмей есеңгіреп тұрған Жалаңтөс батырды қосақтағы жетек атқа мінгізіп ағыза жөнелді.

Жалаңтөс есін жия төбе басында тұрған Бөгембай баһадүр тобына қарай құйғыта шапты. Соңсихардың қаны сорғалаған басын Бөгембай батырдың атының аяғына қарай тастай берді.

Бөгембай батыр:

- Айналайын, Жалаңтөсім, бұрында талай еріктілеріңді көріп сүйсінуші едік. Ал, мына айқасың ерліктің биік шыңы болды. Қылышың колдан түскенде қатты шошынсам да, ерлігіңе шүбәм болған жоқ еді. Елінің тілегін ақтадық. Менің мына Наркескенімді ал. Жауынды жайрата түс. Қыдыр қолдап, аруақ қорғап, әрқашан жолың болсын! - деп оң батасын берді.

Аға батырдың Наркескенің алған Жалаңтөс жау қайдасың деп жүздігін ерте ұрыс даласына кіре берді. Бұланты шайқасы қазақ қолының жеңісімен аяқталғаны тарихқа мәлім. Сол ұрыс даласы осы күнге дейін Қалмаққырылған аталады.

Жалаңтөс батырды алда Жәмші, Бесбатыр шайқастары күтіп тұр ед... Зиялы азамат Шәріп Шораұлы Құлық ұрпағынан ертеректе естіген осы әңгімені қағаз бетіне түсірдім. Бұрын еш жерде жарияланған жоқ.

Жалаңтөс батырдың ерліктері ұрпақтан-ұрпаққа үлгі болып жалғаса бермек.

*Мәсғұт ХАЛИОЛЛА,
өлкетанушы,
халық мұрасын жинаушы.*

БАТЫРДЫҢ ТІЛЕК - БАТАСЫ

...Мен батыр баба басында қанша тұрғанымды аңдамаппын. Бір кезде сытырлаған жаңбыр тамшылары қалың ойдан селт еткізгендей болды. Аспанға көз тастаймын. Күн қабағы түнеріп, қара бұлт үйіріліп келеді. Осы сәт сатыр-сұтыр нажағай ойнап, нөсер құйып өтті де ілезде ашылып, күн жарқырап, ойнап шыға келді. Алтын күннің үлбіреген нәзік сәулесі күлімдеп, шұғыласын төгіп тұр.

«Бекер ғой бәрі,
Бекер ғой бәрі - бөтен ғой,

Өмір дегенің - бір күндік сәуле екен ғой...»
деген Мұқағали ақынның сыршыл үні құлағына келіп тұрғандай.

«Батыр баба елінің намысын ту етіп көтеріп, аранын ашқан ажалға қарсы шапқанда не ойлады екен, халқына не тіледі екен?» деген ой жетегінен бұлқынып, кете алмай қалаға оралдым. Оралдым да торлап алған осы ойларымды қағаз бетіне түсіруге асықтым. Бұл көңіл күйім бала күнімде

атамнан естіген Жалаңтөс батырдың
батасымен ұштасқандай болды.

Уа, жаратқан жаббар ием,
Бір өзіме сыйындым.
Бар әулетім, өзім де,
Құлақ кесті құлыңмын.
Адалдық, пәктік жолында,
Қиынға сал қиынның.
Көтеремін қыңқ етпей,
Үзілгенше жұлыным.
Табынарым - Тәңірім,
Құран Кәрім - әмірің,
Алла - бір, пайғамбар - һақ,
Өз қолыңда өмірім.

* * *

Жасаған, жалғыз тілегім:
Еліме берік, бірлік, бер,
Еріме ерік, тірлік бер,
Жеріме биік шынар бер,
Ұлыма адал сыңар бер.
Қызыма көрік, ақыл бер.
Жан қиысар жақын бер.
Ерімнің басын еңкейтпе,
Алла ажалын ерте етпе.
Тұлпарына қанат бер,
Бес қару - жау-жарақ бер.
Сұр жебе бұзбас сауыт бер,
Қалғытпайтын қауіп бер.
Байтағым үшін жан пида,
Қиынға салсаң, салып көр.

* * *

Қан майданда мерт болған,
Ер иманын жолдас қыл.
Артында қалған тұяғын,
Бет қаратпас алмас қыл.
Арыстандай айбат бер,
Жолбарыстай қайрат бер.
Селт етпейтін жүрек бер,
Ел қамын жеген тілек бер.
Намыс найза бала бер,
Ақылы кемел дана бер,
Қансызды ұрпақ санама,
Туа қалса сірәда,
Өзің бердің, өзің ал,
Бастан құлақ садаға!

* * *

Алладан бұйрық, ұрпағым,
Ту көтерер шағың бұл.
Қайрат пен ақыл ұласып,
Сарқылмас бұлақ, ағын қыл.
Атаның күшін, ананың сүтін,
Ақтайтын зауал күн туды.
Намысты, арлы азамат,
Асынып садақ, жау қуды.
Білектің күші, найзаның ұшы,
Шешеді енді бұл сынды.
Жаратқан жолын аша гөр,

Дұшпанның көңілін баса ғөр.
Гайыперен, қырық шілтен,
Бабай түкті, шашты әзіз,
Өзің қолда, бата бер!

Жаныма малым пана ма?
Арымнан жаным садаға.
Қанымның түйір тамшысы,
Өсиетім есті балаға:
Көбелек қуып, гүл терген,
Жар сүйіп, жүрек өртенген,
Кіндік қаның тамған жер,
Тұлпар мініп, ту ұстап,
Жапыра жауды қуған жер,
Жігіт боп түлеп, бұлғақтап,
Сал-серілік құрған жер -
Анаң сол - Алтын бесігің,
Сонымен асыл есімің,
Сонымен ашық есігің,
Сонымен биік мәртебең,
Сонымен жарық әр күнің.
Сонымен гүлдер ертеңін.
Қорға Анаңды - Жеріңді,
Сүйе біл Ене еліңді.
Қалмақтың қанын ағызсаң -
Аруағы асқан қазысың.
Атың қалар ұран боп,
Алтынмен сөзің жазылсын.
Сұрапыл жолда мерт болсаң

Жұмаққа кірер шейітсің.
Алапат жолда өрт болсаң -
Асқар таудан биіксің.
Қиямет жолда сыр берсең -
Жүрекке түсер күйіксің.
Халқыңның сүйер ұлы бол,
Ақынның толғау жыры бол.

* * *

Тереңге тартсын тамырың,
Алысқа жетсін дабылың.
Ашуыңды тізгіндеп,
Тежеп жүрсін сабырың.
Айың туып оңыңнан,
Жұлдызың туып солыңнан,
Күнің шықсын маңдайдан.
Тас бұлақтай сылдырап,
Жыр төгілсін таңдайдан.
Жауыңды жаншып, жеңіп қайт,
Алдыңда - әлі сан майдан!

* * *

О, туған жер, туған ел,
Кеудемді төсеп қорғадым.
Шаршағанда - қуатым,
Арқа сүйер - қорғаным.
Шөлдегенде - кәусарым,
Сағынғанда - аңсарым.
Бір шыбындай жанымды,

Бір қасықтай ханымды -
Бойымдағы барымды -
Жолыңа сенің арнадым.
Топырақ сенен бұйырса -
Менің де жоқ арманым.
Аман бол, елім - ардағым,
Сен болсаң - түгел жан-жағым.
Сен тұрғанда айбарым,
Бұзылмайды қаймағым.

* * *

Уа, Кәрім Алла,
Мұхаммед Расулім!
Тілегімді қабыл ет,
Қасіретті елімнің,
Қасиетін кәміл ет.
Фәни, бақи абыройын,
Ажырамас серік ет.
Шаңырағын шалқайтып,
Босағасын берік ет!
Әумин!

ТАПҚЫР ҚЫЗ

Жалаңтөс бабамыздың өзі батыр, өзі жомарт болып, туған еліне, жеріне деген махаббатымен халық жүрегінен орын алғаны тарихтан белгілі. Жалаңтөс бабамыздың Жібек, Маңқан, Ақсұлу есімді үш бәйбішесі болған екен. Үшеуінен де ұрпақтар бар. Атамыз балалары ержете келе қыстақ-қоныс жайларын, еншілерін бөліп беріп, үш бәйбішесін үш ауыл қылып қойыпты. Әрі оларды бәйбіше, тоқал деп атамаған. Жібек, Маңқан, Ақсұлу ауылдары деп атаған. Жібек анамыздан Алтай, Әжібай, Толыбай атты ұлдар туған. Алтай бабамыз да әкесі Жалаңтөске тартқан, халық сенімен ақтаған, елін, жерін жаудан қорғаған өжет те өткір батыр адам болған деседі. Алтай бабамыздың Бәшке, Найман атты ұлдарымен қатар Мөлдір, Маржан атты қыздары да болыпты.

Алтай бабамыздың ерекше қасиетінің бірі - жетім-жесірге, ғарып жандарға үлкен қамқор, сүйеніш болған. Ешкімнің байлығына қызықпаған. Сонымен қатар

болашақ өмірлеріне жар таңдауды балаларының еріктеріне салыпты. Қызы Мөлдір сұлулығына ақылы сай екен. Ержете келе ол әкесіне былай дейді:

- Әке, Сіздің батырлық даңқыңыз, менің сұлулығымды естіген, малының байлығын мансап санаған бай-шонжарлар құда түсуге құмартып, мазалай берер, сондықтан құда түсеміз деп келген адамдарға: «Жақында үлкен қайғыға душар болдық. Қызым қазір мүгедек. Қызымның аяғы жоқ, көзі соқыр, қолы шолақ, құлағы керең, кіріптар, кемтар жанды алам десеңдер, өздерің білесіңдер» деп айтарсыз, - дейді.

Әкесі қызының бұл тілегін құптайды. Сонымен «Алтай батырмен құда болсақ, арманымыз болмас еді" деп үміттеніп келгендерге қонақасын беріп, бар мәзірін алдарына жайып салып, батыр оларға қызының жағдайын айтады. Оны естіген өресі саяз топастар «ондай масылды қайтеміз» деп тайып отырады. Мөлдір әпкеміздің тосыннан мүгедек болып қалған жағдайы ел арасына тез-ақ тарала бастайды. Әрине, елішінде, халық арасында тұлпар да, сұңқар да атанған даналар көп қой.

Сондай бір данагөй диқан қарт баласына:

- Қарағым, сенің болашақ жарың, менің сүйікті келінім осы Алтай батырдың қызы

болмақ. Бұл баланың тосыннан мұндай кемтарлыққа ұшырауынның сыры бар, тек соны жүйелеп шеше біл», - деп батасын беріп, баласын ұзақ жолға аттандырыпты. Бір аптадай жол жүріп, жігіт жайлауда отырған Алтайдың ауылына келіп, есіктен кіре бере иіліп сәлем беріп, тағзым етті. Төрге шықпайды. Қонақ үйге барады. Ертеңінде ұлы сәске кезінде рұқсат сұрап, батырдың үйіне келіп, тағы да сәлемдеседі.

- Ата, қабыл алыңыз, айтар арызым бар, - дейді.

«Мақұл» деген рұқсат алған соң:

- Сіздің Мөлдір атты қызыңызбен тағдырлас болсам деген тілегем бар, - депті.

- Балам, - деді Алтай атамыз.-Мөлдірдің ғаріптікке ұшырағанын естімеген екенсің ғой...

- Естідім, жүрегінің дүрсілі бар ма? - деп жігіт қарсы сұрақ қояды.

- Жүрек дүрсілінен не пайда, мүгедек болған соң, ұлым, - депт! Алтай батыр.

- Адамды тән сұлулығы үшін ғана емес, үлкен жүрегі, жан сұлулығы үшін ұнатады. Қызыңызды маған қиыңыз, - деп жігіт бетінен қайтпасын сездіреді.

Батыр жас жігіттің жауабына сүйсініп, жақсылап қонақ етеді Мөлдір өз қолымен ас дайындап, шай құяды. Тағам ішіліп, көңіл

жайланғаннан кейін Алтай бабамыз:

- Бақытты ғұмыр жасаңдар, балаларым. Мынау ас дайындап, шай құйып отырған сол Мөлдір атты кызым, сенің қалыңдығың, тілегінді қабыл еттім, - дейді жігітке бата беріп.

Сонда аң-таң қалған жас жігітке Мөлдір сұлу:

- Таңданбаңыз, жігітім, көзім соқыр дегенім - осы күнге дейін бір жігітке көз салмауым, құлағым керең дегенім - ешкімнің сүйіспеншілік жайлы айтқан сөзін естімегенім, қолым шолақ дегенім - ешқандай жігітпен қол ұстаспағаным, аяғым ақсақ дегенім - үйден шықпағаным. Ал бұл шартты қойған себебім жігіт жүрегінің ұлылығын тексеруім еді - депті.

Сөйтіп, атамыз тойын жасап, отауын жасаулап, Мөлдір диқанның баласына ұзатқан екен.

ТАС БАТЫР

Қияметті қиқу күн көшті кілең,
Замандардан зарлы әуен естідім мен.
Күндер болған сары атан, сұлама боп,
Тас тұяғы тесіліп бесті күрең.

Тарихымды таңбалап, кестелер Күн,
Кіндігімді қылышпен кескен ермін.
Өксік үнін өлең ғып бере алдым ба,
Қаратаудан шұбырып көшкен елдің.

Оқты көзін қадады маған әркім,
Түркі ұлымын түсінген дала нарқын.
Құрдымын да тағдырдың құрып кетпей
Қанмен жазып тарихын қала алар кім?

Қалғып кетсем тарпып қап, талауың хақ,
Жауға шаптым жарқылдай, жалауымды ап.
Батыр бабам жүріпті-ау көз ілместен,
Ат үстінен аймағын қарауылдап.

Жүрсе дағы жаныма жара батып,
Жасай алған жоқсыңдар, далама түк,
Батырларым мына елді алып шықты,
Қалқанының астына паналатып.

Табаныма қалса да тас байланып,
Қайсарлығым бақытқа бастайды анық.
Ат үстінен түсті де батыр бабам
Қыр басында қалды әне тасқа айналып.

Қалғып кетсем тарпып қап, талауын хақ
Жауға шаптым жарқылдай, жалауымды ап.
Қыр басынан тас батыр тұр әнеки,
Ұрпағының тірлігін қарауылдап.

*Қуандық СӘДЕНОВ,
өлкетанушы-шежіреші.*

ЖАЛАҢТӨС БАТЫР

Қазақ тарихында жалпы біз естіп жүрген үш Жалаңтөс батыр бар. Соның біріншісі - Кіші жүздің Алшын руынан шыққан аса көрнекті колбасшы, Самарқанның әмірі Сейтқұлұлы Жалаңтөс баһадүр, екіншісі Арғынның Қаракесек руынан шыққан Құлықұлы Жалаңтөс батыр. Енді бір деректерде Әлікей Марғұлан жазып кеткен дейтін үшінші Жалаңтөс батырдың болғаны айтылады.

Осы үшеудің біреуі біздің бабамыз - Құлықұлы Жалаңтөс (Соқыр) батыр қазақ халқының басына қиын-қыстау күн туғанда қол жинап, елі мен жерін азат ету үшін жоңғар шапқыншылығына қарсы соғысқан халық батырларының бірі. Соғыста көрсеткен тамаша ерліктерімен аңызға айналған бабамыз 1698 барыс жылы шілде айының ортасына таман дүниеге келген. Өмірден қайтқан жылы белгісіз, дегенмен біздің кейбір ағаларымыз үлкендерден естіген әңгімеге сүйеніп, 73 жасында дүниеден өткен деп жазып жүр. Солай деп

алсақ, онда дүниеден өткен жылы 1771 жыл болып шығады.

Батыр бабамыздың арғы аталары туралы сөз қозғар болсақ, алдымен Сарым бабамыздың ауызға ілігері анық. Сарымнан екеу туады, үлкені Тоқсан, екіншісі Өтеміс. Өтеміс атамыздың бәйбішесі қалмақ қызы Ұмсындық анамыз екен (Қабылбек Рамазановтың дерегі бойынша). Өтемістен үшеу туады, соның үлкені Тоқсары, одан кейін Жансары мен Құлсары. Бұл үшеуі ел ішінде «Өтемістің үш сарысы» атаныпты. Осы үш бабамыздың аттарын «Боқсары, Құлық, Көшкін» деп Тоқсан бабамыз қойған екен деген аңыз бар. Өтеміс үйленгеннен соң, ағасынан бөлініп кетіп, басқа бір жерді жайлапты. Арада біраз жыл өткен соң, Тоқсан бабамыз інісі Өтемісті сағынып, ауылына іздеп келеді. Келсе үйде үш бала ойнап жүр екен дейді. Әлгілердің түр нұсқасына қарап, қандай жағдайда жүргенін көрген Тоқсан бабамыз аты-жөндерін сұрамастан, «сенің атың Боқсары, сенің атың Құлық, сенің атың Көшкін ғой» деген екен. Осы әңгімені өзіммен көрші тұратын Тоқсары ұрпағы Омарғалиұлы Нұрғазы ағамыздан естіген едім.

Осындағы «Құлық» атанған Жансары бабамыздан Жалаңтөс батыр мен оның

інісі Таңат туған. Жалаңтөс батырды халық көбінесе «Соқыр батыр», «Соқыр әулие» «Соқыр абыз» деп атай береді Әулие әрі абыз атануы оның данышпандығына, әулиелігі мен көріпкелдігіне байланысты. Ал «Соқыр батыр» атануы мына бір оқиғадан кейін пайда болған және менде ол жөнінде үлкендерден жинақтаған біраз әңгімелер бар. Солардың бірі Орал Рахымбекұлының жазып қалдырған дерегі, қалтаның Зікірия Көпбайұлы, Жарылғапбек Аллажарұлы, Сайлау Құдайбергенқызы және Ерғазы Тоқтамысұлынан естідім. Осы әңгімелердің кейбір нұсқаларында қарама- қайшылықтар кездеседі. Дегенмен, түбінде бір шындықтың барына ешкім шүбә келтірмейді. Изатұлы Әбілда әкемізден естігенін жазып қалдырған Орал атамыздың қолжазбасында оқиға былайша баяндалады: «Жалаңтөс батыр қалмақтармен қатты соғысып, үлкен қан төгіс болады. Қалмақтың ең керемет деген батыры Жалаңтөс батырға қарсы шығады. Екеуі бір түс алысады, ақыры суы бар жалғыз талдың қасына келгенде қалмақтың батырын мертiктiрiп жығып кетедi. Жауды әрi қарай қуып тастайды. Жеңiп қайтып келе жатқанда жаңағы жалғыз тал өскен судың басына оралып, осы жерге тоқтап, жақсылап бiр тынығып алайық дейдi. Демалуға

Қамданып жатқан кезде батырдың көзіне кенеттен садақтың жебесі келіп қадалады. Жанындағылардың бәрі жиналып абыржып, не істерін білмей тұрғанда, батыр: «Мына оқты жұлып алыңдар!» деп айқай салады. Бірде-бір адамның батылы бармайды. Осыны көрген батыр өз атының қанжығасын алдыртып, оның бір басын жебеге, ал екінші басын өз аяғына байлап, еңкейіп тұрып лезде басын көтеріп қалады. Сол кезде жебе көзбен бірге жерге түседі. Батыр көздің орнын таңып байлап, судың басына келеді. Келсе жанындағы жігіттер Жалекең мерткітіріп кеткен қалмақ батырын қасындағы қарындасымен бірге ат құйрығына байлап өлтіреміз деп бабадан рұқсат алуды күтіп тұрған екен. Мерткіккен қалмақ батырынан: «Сенің мынауың қалай?» деп сұрайды жігіттер. Сонда қалмақ батыры тұрып: «Ақыры өлдім, жастығымды ала жатайын деп едім» дейді. Жігіттер Жалекеңнен рұқсат сұрап, жауабын күтіп тұрған кезде, қалмақ батырының қарындасы: «Сауға! Сауға! Сауға!» деп батырдың алдына келіп өтінеді:

- Әкем тұқымсыз қалады ғой, мынау жалғыз ағам еді адам болу-болмауы екі талай, жарақатыңыздың құнына мен жарасам ала кетіп, ағайдың шыбын жанын өзіне тастап кетіңіздер, - дейді. Сонда жігіттер шулап:

- Сөйтіңіз, болар іс болды, - деп мертiккен батырды тастап, қызды алып елге қайтады. Бабамыздың бiр ақылды жолдасы бар, екен, сол досы жолда келе жатып: «Сiз осы қызды үшiншi әйелге алыңыз» деп ой салады. Сөйтiп, оның атын Ақсұлу деп өзгертiп, бабамызға қосады».

Осыған ұқсас әңгiменi 2007 жылы 20 сәуiрде Сарытерек ауылдық округiндегi Самал қыстауында тұратын Аллажарұлы Жарылғапбек әкемiзден естiдiм. Әкемiзбен Балқаш қаласында кездестiк. Ол кiсi сөз арасында әкесi Аллажардан естiген кейбiр әңгiмелерiн айтып бердi. Әкесi шежiрешi адам болыпты, "Түскең (Түсiп пiрадар) айтып отырушы едi" деп бастайды екен әңгiмесiнде. Сол әңгiмесiнiң бiрiнде мынаны айтыпты. Қарағанды маңында қалмақтармен айтуға келмейтiн шайқас болып, бабамыз қалмақ қолын үлкен қырғынға ұшыратыпты.

Қалмақтың оң мыңдаған қолынан мың шақты адам ғана қалса керек. Сол кезде қалмақ батыры: «Мынау дәу бiздi қырып барады ғой, мұны көзiнен атпасақ болмайды» деп бабамызды көзiнен дәлдеп атқан екен. Жебе көзге келiп қадалып тұрып алыпты. Жебенiң қадалғанына, көзiнен қан тоқтамай аққанына қарамастан, Жалекең соғысты тоқтатпай, қалмақтарды одан сайын қыра берiптi. Көзiне

қадалған жебені суырып алуға ешкімнің батылы бармаған дейді. Сонда: «шіркін-ай, инедей нәрсені де суырып ала алмадыңдар» деп кейіп, жебені өзі қос- қолдап тұрып жұлып алып, өзен суына лақтырып жіберген екен. Жараның орнына ыстық киіз басып, одан кейін бір ту биені сойғызып, соның майын тартып, емдетіпті. Жанындағыларға қалмақ батырын ұстап тұтқындауға әмір береді, Олар қалмақ батырын ұстап алып, қол-аяғын байлап кісендеп, бабамыздың алдына алып келеді. Сонда әлгі батыр: «Сауға! Сауға!» | деп батырдың аяғына жығылып, өз бітімін айтыпты.

- Батыр, маған тиіспеңіз, бір әкеден еркек кіндігі жалғыз өзім ғана едім, менің артымнан ерген жалғыз қарындасым бар, қаласаңыз көзіңіздің құнына соны алыңыз, - депті. Қалмақ батырының сол қарындасы біздің Ақсұлу анамыз екен. Жоғарыда айтылған осы екі әңгімеде сәл ғана айырмашылық бар, оны өздеріңіз оқи отырып байқарсыздар.

Тағы бір деректі Ақжал кентінде тұратын Тоқтамысұлы Ерғазы ағамыздан 2006 жылдың 10 маусымы күні жазып алдым. Әкесінен біраз жайларға қанық болып өскен Ерғазы атамыздың айтуынша, бабамыз Қалмақтардан бір көздің құны үшін Ақсұлу

анамызды және екі құла айғырды алдырады. «Бұл тұлпарлар сол кезде «Құлықтың қос құла айғыры» атанып, аламан бәйгелерде көзге түсіп, жүлде әкелген екен деп әкеміз айтып отыратын» дейді Ерғазы ағамыз.

Тағы бір еске салатын жәйт бар, ол Жарық пен Қарағандының арасындағы Құлаайғыр деген станция атауы. Бұл жердің Құлаайғыр атануына осы оқиғаның да қатысы болуы мүмкін, ол жағын сол маңдағы жергілікті тұрғындардан сұраса болар еді. Олар көптеген деректер білуі тиіс.

Ал Сайлау Құдайбергенқызынан естіген әңгіме желісі басқаша. Үлкен шешесі Ажар Қосанқызынан естіген әңгімесіне қарағанда, Жалаңтөс батыр қалмақ әскерін Қызылтас маңынан Қарағанды жаққа дейін қуып, жеңіліске ұшыратады. Осыны естіген қалмақ батырының қарындасы жігіттерше киініп алып, қол бастап, батыр бабамыздың жауынгерлерімен соғысуға шығады. Соғыс қазіргі Қарағанды маңында, Соқыр өзенінің жағасында болады. Қалмақ қолын бастап келе жатқан сол «батыр» Жалаңтөске қарай қарсы шауып, жақындап қалғанда садақтың кірісін тартып қалады. Қарсы ұшқан оқ батырдың көзіне келіп қадалады. Бабамыздың қырағылы соншалықты, жаңағы «батырдың» көзіне қарап үлгереді.

және оның әйел адам екенін байқап қалады. Садақтың оғын өзі қос- қолдап жұлып алып, өзен суына лақтырып жібереді. Қан тоқтамай қойған соң, құрым киізді күйдіріп басып, біраз күн емделеді. Арада шамалы күндер өткен соң қалмақ ауылына хабар айтуға өз адамдарынан елші жібереді. «Әрбір көз бір мүшеге саналады. Бір көздің құны - бір адамның құны» деп көздің құнының орнына адам беруін сұрайды. Сонда қалмақтар қырық жігітті бірдей етіп киіндіріп, осының арасынан өзіне керек адамын тауып алсын деп жауынгерлерін жібереді. Батыр оларды бір қарап шығып, арасынан өзіне садақ тартқан адамды таба алмаған соң, ашуға мінеді. Қалмақ ауылына: «Хандарың мені келеке еткісі келе ме, қалай? Өзі білсін, ердің екі айтқаны - өлгені, осы жолы мен іздеген адамды жібермесе, онда өзінің басын аламын» деп қайта хабар жібереді. Еш амалы жоқ қалмақтар осы жолы тағы да бірдей етіп киіндірген қырық адамның арасына Жалаңтөске садақ тартқан қызды қосады. Жалаңтөс бабамыз келген қырық «жігітті» айлы түнде қарап шығып, өзіне садақ тартқан қызды көзінен-ақ тауып алады. Келген қалмақтарды жөніне жіберіп, тек жаңағы қызды елге алып қайтады. Батырдың көзінің құны үшін қалмақ батырының жалғыз қызы

Ақсұлу біздің елге осылайша келеді.

Жоғарыда жазылған әңгімелердің бәрі бізді бір шындыққа қарай жетелейді. Ол - Жалаңтөс батырдың осы оқиғадан кейін «Соқыр батыр» атанғандығы және Ақсұлу анамызды көзінің құны үшін алып келіп, кішілікке алғандығы. Сол кезде бабамыздың жасы 44-те екен. Соған қарап ол оқиға 1742 жылы болған деп түйін жасауға болады.

* * *

Жалаңтөс батыр жөнінде ең көлемді еңбек жазған жазушы Масғұт Халиолла ағамыз. Бұдан басқа ақын Жеңіс Қашқынов «Сарыарқа», «Қазақ батырлары», «Орталық Қазақстан» газеттерінде бабамыз туралы үлкен материалдар берді, бірақ ол Масғұт атамыз жазып жүрген деректерге негізделген. Жалаңтөс батырдың ерлігі сондай-ақ Ақылбек Шайхының «Жалаңтөс батыр» кітабында, Мұхамедқали Баймұхановтың «Абылай заманы» тарихи-танымдық романында баяндалады. Осы ағаларымыздың бәрі Жалаңтөс батырдың қазақ жерін азат ету жолындағы ірі шайқастарға қатысқанын айтады. Ел аузында сақталған аңыз-әңгімелерге сүйеніп, бабамыздың Бөгенбай батырды пір тұтып, оның басшылығымен жасалған ірі жорықтарда қазақ қолына үлкен

жеңіс әпергенін жазады. Өз еңбегін тарихи деректерге сүйеніп жазған Мұхамедқали Баймұханов 1730 жылдардағы қасиетті Түркістанды жоңғар- қалмақтардан азат етуге Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Шапырашты Наурызбай, Қаракесек Сеңкібай, Жидебай батырлармен бірге Табын Бөкенбай, Тарақты Байғозы, Олжабай мен Жасыбай, Сарым Жалаңтөс батырдың қатысқанын атап көрсеткен.

Ал Ақылбек Шайхы «...Ұлы Жүздің үлкен ханы Әбілмәмбет қалмақпен соғысуға жар салып, Үш Жүздің баласына хабар айтқанда Орта Жүздің әскерін бастап барған Сәмеке ханның әскерінде Бөгенбай батырмен бірге оған көмекшілік қызмет көрсетіп жүрген жас жігіт Жалаңтөс те бар еді. Кең иықты, зор кеуделі, ерекше бітімді Жалаңтөс осы соғыста батырлығымен, ерекше мергендігімен, қоян- қолтық айқаста ерен күш иесі екендігімен танылды» деп оның ерлігін барынша дәріптеп көрсетеді. К.Тауасарұлының кітабында бұл соғыстың хижрамен 1104 жылы, қазіргі күнтізбеге сәйкес 1726 - жылқы жылы жазда болғаны жазылған (232-бет). «Бұл соғыстың басшылығы Сәмекеде дегенмен, Орта жүздің екі түмен қолын Қазыбек би басқарды. Осы ұрыста алғаш Қанжығалы Бөгенбайды

көрдім. Ол Орта Жүзден келген бір түмен әскерді бастап келді» дейді Қ.Тауасарұлы. Сарысу өзенінің бойындағы Айрантөгілген даласында болған осы соғысқа қазақтан тура 44 мың адам қатысқан. Майдан төрт жерде жүрген. Соның бірінде Бөгенбай батырмен бірге біздің бабамыз - Жалаңтөс батырдың да қалмаққа қарсы соғыс салғаны ақиқат. Осы соғыста қалмақ жағы көп қырылып, жеңіліс табады. Кейін ол дала Айрантөгілген емес, «Қалмақ қырылған» аталып кетеді.

«Жалаңтөс Қанжығалы Бөгенбай батырдың қасында жүріп, сан жорықтарға қатысқан. Атақты Бұланты шайқасында көзге түскен. Жас батырларды тәрбиелеп, маңына шоғырландыра білген. Сарыарқаны емін-еркін билеп төстеуді арман еткен қалың қалмақ Қарағанды төңірегін басып алуға күш жұмсайды. Жауға Түйте Жарылғап, Керней Есей, Құлық Жалаңтөс, Әлтеке Жидебай, Төлеңгіт Қасабай, Қожағұл Торақ, Тобықты Байзақ бастаған батырлар қарсы шығады» деген деректі Ж.Қашқынов та алға тартады («Қазақ батырлары», №2, 2001 ж.).

Құлық Жалаңтөс батырдың аты жазбаша деректерде онша кездеспегенімен, ел аузындағы аңыз әңгімелерде жақсы сақталған. Кейінгі жылдары баспа беттерінде аты шығып, еріктілері жазыла бастағанымен,

ұлттық энциклопедиямызға енбей қалып отыр. Өкінішті! Батыр бабамыздың аты жалғыз ғана Сейіт Кенжеахметұлының «Жеті қазына» деген кітабындағы XVIII ғасырдағы қазақ батырларының тізіміне енді. Қарағанды облысының энциклопедиясында да аздаған деректер бар. Ол да болса көңілге медеу.

Жоғарыда аталған авторлардың ішінде Масғұт ағамыздың еңбегінде ғана көптеген деректер қамтылған. Сол еңбегінде Масғұт аға ел ішінде жақсы-жайсаңдарға қарап айтылатын « Шақадан туған Қараменде бидей еді, Құлықтан туған Жалаңтөс батырдай еді" дейтін нақыл сөз болғанын келтіреді. Менімше, мұндай салмақты сөз тегіннен-тегін айтыла салмайды, көкірегінде сәулесі бар адам оның астарында терең мағына жатқанын аңғарары сөзсіз.

Жалаңтөс батырдың кіндігінен тараған үш шаңырақ ел бар. Батырдың бірінші әйелі Жібек анамыз Тобықты руынан, Жуантаяқ Шортан деген адамның қызы екен. Ата-тегін таратар болсақ, Жуантаяқтан (Дәулетек): Байқара, одан Қошқар, одан Мардасым. Мардасымнан Аманкелді, одан Жанай туған. Жанайдан Есен, Бөлен. Осының Есенінен:

Айбас, Тасы, ал Бөленінен: Сазан, Шортан.
Шортаннан: Құттыбай, Құтжан, Жібек.

Бабамыздың екінші әйелі Маңхан - қазақтың атақты үш биінің бірі Қаздауысты Қазыбектің қызы. Қарабұлақтағы Ысқақ аға «Маңханның шын аты Мәлике деп шешелерім айтушы еді дейді. Енді бір деректерде Мәнкен, Қамқа болып та кездеседі.

Үшінші әйелі Ақсұлу- қалмақ батырының қарындасы. Кейбір үлкендеріміз шын аты Дәметкен деп айтып жүр, оның шындыққа қаншалықты жанасатынын білмедім. Осы Ақсұлу анамыз Жалекең шаршап келіп қатып ұйықтап қалғанда киімін өзі шешіндіріп, төсегіне көтеріп сала береді екен. Батыр бабамыз ақтық демі шыққанша Ақсұлу анамыздың қолында болыпты. Анамыздың аян бергендегі келбеті аласа бойлы, шашы ұзын қараторы кісі, Ақсұлу деген атына қарап бет әлпеті аққұба адам деп ойлау дұрыс емес. Қолынан дабылын (бубен) тастамайды, бойында өз анасынан дарыған бақсылық қасиеті бар. Көбінесе, анасы, батыр ағасы жанынан бір елі қалмай, қоса еріп жүреді. Анамызға Алладан рахмат, пайғамбардан шапағат болсын!

Жалаңтөс батыр ананы ерекше сыйлаған адам болған. Үш әйелін үш ауылға отырғызып,

ол ауылдарды әйелдердің атымен атаған. Содан бері баба ұрпақтары осы аналардың атымен «Үлкен енеңнің балалары» (Жібек), «Ортаншы енеңнің балалары» (Маңхан), «Кіші енеңнің балалары» (Ақсұлу) деп аталып келеді.

Жалаңтөс батыр бірде ауылына келген бір сыншы кісіге үш әйелін сынатып көреді. Сонда әлгі сыншы Жібек анамызға қарап, «атан қумас ақ бура» деп, оның көңілінің кеңдігін айтыпты. Маңхан анамызға «тілі тәтті, діні қатты» депті. Ал Ақсұлу анамыздың жүзіне қарап, «мынаның тілі қатты, діні тәтті» деген екен. Осы әңгімені маған Балхаш қаласында тұратын Сайлау Құдайбергенқызы «апам айтып отыратын» деп жаздырған еді. «Осы әңгімені шешем Ұмсынған жақсы білетін, бізге айтып отыратын» деп Қабыл Нұрахметұлынан да естідім.

Осы аналарымыздың қабірлері туралы біраз үлкендерден сұрастырып көрдім. «Маңхан анамыздың сүйегі Айдай тауының құбыла бетінде» - деп Ысқақ Бәкірұлы айтқан-тын. Ысқақ әкеміздің бала кезінде үлкен әжесі Тілеулі (Тоқсан) анамыз Айдайдағы үш бейіттің шеткісі Маңхан шешеміздің қабірі деп көрсетіпті. Оның шындыққа қаншалықты сәйкес келетінін

алдағы уақытта анықтай жатармыз. Жібек анамызды Қарақозы мен Қарағандының бірінде болуға тиіс, нақты ешкім білмейді Ал, Ақсұлу анамыздікі Керуенбұлақ қыстағының жанында, Анайұлы Бәйтіш атамыз жерленген қорымдардың біріне жақын деп айтады. Бұл жерде бір-бірімен жалғасқан екі үлкен тас қорған бар.

Маңхан анамыздың келін болып барған жері туралы күні бүгінге дейін әр алуан пікірлер айтылып жүр. Кейбір зерттеушілер Қаздауыста Қазыбектің Маңхан деген қызы Керей Жәнібек батырдың әкесі Бердәулетке ұзатылған деп жазды. Жәнібек батыр Қаздауысты Қазыбек бидің жиені, Маңханнан жалғыз ғана Жәнібек туған дейді. Бұл, әрине, жаңсақ дерек. Біздің білуімізше, ер Жәнібек Жалаңтөс батырдың күйеу баласы, ал Жалаңтөс батыр - Қаздауысты Қазыбек биге күйеу бала. Оларды шатастырып жүрген осы бір туыстық байланыс болуы мүмкін. Жалаңтөс батырдың бір қызын Керей Ер Жәнібектің алғаны туралы әңгіме өзімнің үлкен атам Сәден Малжанұлынан менің шешем бірнеше рет естігенін айтқан еді. Сол әңгіменің толық нұсқасын 1995 жылы тамыз айының 19 күні Маңхан шешеміздің Берістеннен тарайтын ұрпағы, ескі әңгімелер мен шежірені жақсы білетін

Тауық Сағымбайқызының (1924-2000) өз аузынан естіп, жазып алған болатынын.

Керей Ер Жәнібекті жазып жүргендердің өзі оның нағашы жұрты туралы әр түрлі әңгімелер айтады. Мәселен, 1993 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Абылай хан» деген кітапта Қытайда тұратын қандасымыз, ғалым Зейнолла Сәнік «... Жәнібектің әкесі Бердәулет өз кезінде пысық, мықты кісі болса керек. Бердәулет Сарыүйсін жерінде Досымбек, Өмір деген ағайындас адамның бірінің қызын алған. Жәнібек содан туған ұл екен» деп жазыпты (362-бет).

Ал М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері Базарбек Атығай «Қазақ батырлары» газетінің 2000 жылғы №2 санында: «Ер Жәнібектің өміріне, ерлік істеріне байланысты үш дастан бар.

Осы үш дастанда ер Жәнібектің нағашы жұрты туралы үш түрлі мәлімет кездестірдік. Бірінде нағашысы - Үйсін Өмір деген батыр делінсе (Зейнолла Сәнік жазғандай), екіншісінде - Қаздауысты Қазыбек дейді, келесісінде - Шақшақ Жәнібек делінген. Тағы бір аңыздарда Қабанбай батыр деп те айтады. Ыбырай Ботайұлының дастанында (1927ж. жазылған) Шақшақ Жәнібек деп берілген. Ер Жәнібектің анасының есімі -

Шәше. Тарихшы, ғалым Ахмет Тоқтабаевтың қолында сақтаулы Шәше анамыздың тас ұршығы бар. Тас ұршықты ғалымға берген Зайсанда тұратын батырдың ұрпақтары Шәше - Шақшақ Жәнібектің қарындасы деген екен» депті Осы жазылған екі дерек те Маңханның Бердәулетке ұзатылғанын жоққа шығарып отыр.

Ел аузында Шақшақ Жәнібектің Керей Жәнібек туғанда ауылына барып, жас нәрестеге өз атын қойып батасын бергені туралы аңыз да бар. Сол жолы жас нәресте - Жәнібекті ақ батасымен алқаған Шақшақ Жәнібек жиенінің астына көк дөнен мінгізіп, үстіне көк берен сауыт кигізіпті. (Б.Атығай. «Қазақ батырлары», №2,2001 ж.).

Жәнібек батыр 1712 жылы дүниеге келіп, 1792 жылы Қалба тауының баурайында қайтыс болады, зираты қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданындағы Ортабұлақ деген жерде.

Базарбек Атығай ер Жәнібектің ата-тек шежіресін қысқаша былай таратады. Абақ Керей - Жәнтекей - Сүйімбай - Алты - Сары - Бердәулет - Жәнібек. Жәнібектің өзінен Ноғай, одан Елубай. Ер Жәнібектің басқа ұрпақтарықтары жөнінде ештеме таба алмадым. Жалғыз ғана Ермек деген қызын «Абай» энциклопедиясынан (612-бет)

кезiктiрдiм. Жалаңтөс бабамыздың бiр жиенi осы Ермек болатын болса, онда бiздiң Абаймен де жақындығымыздың болғаны. Себебi Ермек - Абайдың үшiншi атасы Айдосұлы Ырғызбайдың (1744-1785) әйелi. Ырғызбайдан төрт бала туған, соның кенжесi - Абайдың атасы Өскенбай. Бұл жағын тереңiрек зерттесе, бiр деректер шығуы мүмкiн. Оны келешектiң еншiсiне қалдырдым.

Маңхан анамыз туралы өз ағаларымыздың жазған еңбектерi де аз емес. Осы тұста Масғұт Жабасұлының мақаласындағы мына жолдарға баса назар аудардым. «Әнуарбек Адамбеков 1985 жылы «Жұлдыз» журналының үшiншi санында Қазыбек биге байланысты жарияланған кейбiр деректердiң терiстiгiн айтып, аталған журнал алқасына хат жолдаған екен. Сол хатта мынадай пiкiрлер бар: «...Қазыбектiң бес ұлынан кейiн Маңхан атты бiр қыз туыпты. Маңхан бес ағаның ортасында өскен әрi атақты бидiң қызы, өз замандастарына Қарағанда алдына ешкiм қарсы келмей еркелеп ер жеткен қыз болыпты. Бойжеткен кезiнде қайсыбiр әлдi ру басшыларының Қазыбекпен құда болуға ниет етiп жүргендерiн сезiп, Маңхан бiр күнi әкесiне:

- Әке, сiздер менi қанша еркелеткендерi-

нізбен төмен етекте болып жаратылдым ғой, сондықтан түбі бір жерден орын табуым керек болар. Сол орнымды өзім табайын, мені ешкіммен атастырмаңыздар, - деп тілек етіпті. Арада біраз уақыт өткен соң сол кезде Орта жүзге мәлім бола бастаған өзінің ағаларымен үзеңгілес жүрген Жалаңтөс деген батыр жігітке әкесінің ақ батасын алып тұрмысқа шығыпты...».

Ақылбек Шайхы да мынадай бір жобалы деректі алға тартыпты: «Жалаңтөстің Жібектен туған Алтай деген ұлы да әкесіне тартып батыр болған. Әкелі-балалы батырлардың даңқы Орта Жүздің данасы Қазыбек бидің құлағына шалынады. Қалмақтарға елші болып барған Қазыбек әкелі-балалы Жалаңтөс пен Алтайды жанына жолсерік қылады. Қызыл тілдің шешені Қазыбек би ханды сөзбен буып, әбден есінен айырғанда, амалы құрыған қалмақтың ханы өзінің ханшасына «Мыналардың батырларын көріп келші, қандай екен?» - дейді. Қонақ үйде ұйықтап жатқан Жалаңтөс пен Алтайды көргенде ханшаның буыны сіресіп жүре алмай, кейін қайтады. Әйелінің сөзінше көзін жеткізу үшін хан қонақ үйге өзі келеді. Батырлардың басым аруағы ханның тауын шағылтып, бетін қайтарады. Мысы қайтқан хан: «сөзден де, күштен де есе

бермедің, Қазыбек, өз билігіңе елдігіңді беремін, азатсың» - деген екен. Осы сапардан кейін Қазыбек би жалғыз қызы Маңханды Жалаңтөске кішілікке беріп, Жәмші деген шұрайлы жерге көшіріп салады». («Арқа еңбеккері», 28 шілде 1990 ж.).

Қалай дегенмен де Қазыбектей дана тұлғаның жалғыз қызын жай адамға бере салмайтыны анық жәйт. Бес ұлының ортасындағы ерке өскен жалғыз қызы Маңханға батасын беріп, Жалаңтөс бабамызға өз еркімен қосылуына рұқсат беруін - Қазыбек бидің біздің бабамыздың батырлығы мен тектілігін мойындағаны деп білген дұрыс. Асылында солай ғой.

Ал Маңхан анамыздың Берістен деген баласының өз балаларына нағашы атасы Қазыбектің немерелері - Анай мен Жанайдың атын қоюынан да көп жайды аңғаруға болады.

Маңхан анамыз жайында Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп тұқианнан өзіме шейін» деген кітабында біраз пікірлер айтылады. Сол кітаптың 173-бетінде: «Мен кейін біле келсем, Қамқа талай той, жиында жігіттермен тізерлеп отыра салып айтысатын адам болған екен. Тіпті үш-төрт баласы болғанға дейін айтысқа түсіп жүреді екен» депті. Қ.Тауасарұлы жазып кеткендей

Маңхан анамыздан төрт-бес бала туған, одан өрбіген ұрпақтардың өзі қазір бірнеше ауыл болып отыр.

Аналарымыз туралы бар білетінімізді тәмамдай отырып, енді Жалаңтөс бабамыздың басқа да қасиеттері жайлы естіген-білгенімізді кейінгілерге жеткізе кетейік.

Бабамыздың үлкен ұлы Алтай бір жорық кезінде далада қалып қойған қалмақтың (жоңғарлардың) шиттей үш баласын тауып алады. Осы жерде Орал Рахымбекұлының қолжазбасында жазылған әңгімеге кезек берейік: «Алтай батыр жауды қуып кетіп бара жатқанда, бір бұлақ басында үш ер баласын құшақтап жылап отырған аяғы ауыр әйелді көреді. Оларға бұрылып келіп: «Сен неткен адамсың?» деп жөн сұраса, әйел: "Күйеуім өлді басқалары мені тастап кетті" дейді. Алтай батыр сол жерде оларға тамақ беріп, біз қайтып келгенше осы жерден тапжылмай отырыңдар дейді. Жауды қуып тастап қайтып келе жатса, әйел үш баласымен сол жерде қозғалмай отыр екен. Әйелге ішерге тамақ, мінерге көлік беріп, еліне жол сілтеп көрсетіп жібереді де, үш ер баланы соңынан бақылап келе жатқан әкесі

Жалаңтөс батырға әкеп көрсетеді. Бұлар үш баланы ауылға алып келіп, оларды үш әйелдің қолына тапсырады. Бабамыз оларға: «Бұларды маңдайынан шертпей аман-сау өсіріңдер, өз балаларындай көріңдер» деген екен. «Бұл үшеуін тегі бөлек деп бөлгендерің менің қанымнан емессіңдер» деп өсиет еткен.

Бұл жөнінде Масғұт ағамыз былай деп жазады: «...Батырдың бұл қылығына таңданған кейбіреулер: «Батыр, ежелгі жау — ел болмас, етек кесіп жең болмас» деген бар. Қалмақ баласы қазаққа бала бола қоймас, өлтіріп тастағаныңыз жөн ғой» дегенде Жалаңтөс: «Жақсылыққа жақсылық — әр кісінің ісі-дүр, жамандыққа жақсылық — ер кісінің ісі-дүр» деген мақалды ұмытпаңдар. Жауымыз біздің қызыл қарын жас баламызды құл етсе, біз олардың баласын ұл етейік. Жауыққанға — жас түсер, имандыға — бақ қонар. Бейкүнә балаларды өлтіру — мұсылманның ісі емес, қаражүрек қанды қол қарақшының ісі. Бұлардың ертең қандай қазақ болатынына көзім жетпейді, әйтеуір қалмақ болмайтынына иманым кәміл» деген екен. Сол балалардың біреуін есерсоқтау бір адам ұрлық жасады деп өлтіріп тастапты дейді үлкендер. Сонда Жалаңтөс батыр назаланып: «Әй, сенің тұқымың өспес» деп

теріс батасын берсе керек. Айтқандай-ақ сол кісінің тұқымы көп ұзамай үзіліпті...»

Кейбір деректерде бұл үш нәрестенің екеуі жасында шешек ауруымен ауырып, шетінеп кеткен делінеді.

* * *

Қазақтың халық ертегілерінде батырлардың сенімді серігі олардың тұлпарлары болғандығы көп айтылады. «Ер қанаты - ат» дейтін болсақ, бұл аңызға емес, шындыққа бір табан жақын қисын.

Сол сияқты Жалаңтөс бабамыздың да жауға шапқанда мінген аты болған. Оның аты «Оқжирен» екен. Бұл деректі Ақтоғайда тұратын Аманбай ақсақалдың баласы Ыбырахым ағамыздан жазып алған едім.

Ағамыздың әке тәлімін алып өскеніне өте риза болдым.

Екінші бір әңгімені Жарылғапбек әкемізден жазып алдым. «Бабамыздың ақ табан торы аты болыпты. Өзі еңгезердей ұзын кісі, бес қаруын қолына асып алады екен. Атының ауыздығын бос жіберіп, екі аяғымен тақымынан ұрып отырғанда, аты өзі желіп кете береді екен. Сондай жүйрік болмаса да, мықты ат болыпты» деп әкем айтып отыратын дейді Жарылғапбек әкеміз.

Бабамыздың өте сеніп, киесі тұтқан заттарының бірі қой асығы болғандығын Балхаш қаласында тұратын Құдайбергенқызы Сайлау әпкеміз айтқан еді. Мұнда да тылсым жұмбақ бар, бұған өз басымнан өткен біраз оқиғалар дәлел бола алады, бірақ оның бәрін жариялай беруді жөн санамадым. Ал Сайлау әпкеміздің айтқан әңгімесіне қарағанда, бабамыз жауға аттанар алдында көшкен жұрттың орнында жатқан асық болса, соны тауып алып, иріп жіберетін көрінеді. Асық алшысынан түссе, онда жолы болып, жауын жеңбей қайтпайды екен. Асықтың киесіне қапы сенгендігін осыдан аңғаруға болады.

Жалаңтөс батыр бабамыздың киесі қызыл бүркіт екенін алғаш рет Шымкент қаласында тұратын халық емшісі, халықаралық дәрежедегі парапсихолог, академик Жаңыл Жұмабекқызы Қансейітованың аузынан естідім. Алла сездірмесе ол кісі қайдан білсін. 1998 жылы сәуір айының соңына қарай Балқашқа келгенінде алдына бардым, сонда: «Қарағанды жақта өзіңді қолдап жүрген қызыл бүркітін бар екен, сол торда тұр ғой, соны босату керек» деп тосын жаңалық

айтты. Сенбейін десем бәрі қисынға келіп тұр. Бірақ «торда тұр» деген сөзінің мәнін түсінбедім, ол кісі де әрі қарай ашып ештеме айтпады. «Торда тұр» дегені «құлыптаулы тұр» деген сөз екенін кейіннен барып ұқтым. Сол уақытта батырдың мазарының есігі шынымен де құлыптаулы тұрыпты.

1998 жылы 11 шілде күш мазарының басына барып, Секербек ағаға құлыпты алғызып тастадым, бұдан соң есікке құлып салмауын, ашық қалдыруын өтіндім. Солай жасадық

Біздің халқымыз «киесі ұрады деп» қасиеті бар, аруақты адамдардың атын айтуға қорқады. Екіншіден, біздегі тәрбие бойынша үлкен адамның, оның ішінде келіндерге қайныатасының атын айтуға болмайды. Осы дәстүрді берік ұстаған бабамыздың келіндері Жалаңтөс батырды «Кершеу ата» деп атап кеткен. Ал Құлық бабамызды «Құлаққа қатқан», Жібек анамызды «Таза жіп», Орақ батырды «Қырғы атаң» деп айтып, әдеп пен иба сақтаған.

Жалаңтөс батырдың артына қалдырып кеткен өсиет сөздерін, ізгі тілек, батасын Ақылбек Шайхы, Төлеуғазы Әбдуақасұлы және Масғұт Халиолла ағамыз кезінде баспа

беттерінде жариялаған еді. «Айтулы ерге оқ тисе, қиналғанын білдірмес», «Жаудан күткен жақсылық - зарыққанның белгісі», «Аш отырсаң да аман отыр», «Бірлікті, бүтіндікті сақта, қиянатқа барма», «Сөз - у», «Көп сөз - көбік, адамды ашындырады», «Адамның байлығы - жәйлі мінезі», «Дүние кума, ар сақта», «Мінезді болсаң, өлім жоқ» деген сөздер бабамыздан қалған өсиет деп жазады Ақылбек Шайхы «Арқа еңбеккері» газетінің 1990 жылғы 28 шілдедегі санында. Бабамыздың өмір-тарихын алғашқы болып зерттеп, баспаға әзірлегендер де осы ағалар болатын.

Батырдан қалды дейтін талай өсиет сөз бар. Соның көпшілігінде бабамыз ағайын арасындағы татулық пен бірлікті, елдікті сақтауды аманат еткен. «Менің еліме келген оңады, елімнен кеткен оңбайды» деген сөзі соның нақты айғағы болып бізге де жетіп отыр. Осы сөзін Қонысбай аға үнемі аузынан тастамай айтып отырады.

* * *

Батырдың жаз жайлауы Нұраның бір саласы болып табылатын Соқыр өзенінің бойындағы «Соқырдың сораңы» деген жер екен. Қазіргі кезде ол жерде Саран қаласы орналасқан. «Саран» деген сөздің өзі сол

сөздің орысшаға бейімделген түрі. Қаланың оңтүстігінде жермен жексен болған екі қорымның орны жатыр. Мұнда батырдың ұрпақтары, біздің үлкен бабаларымыздың, аналарымыздың мүрделері болуы мүмкін.

Қысқы қонысы Жәмші мен Тоқырауын өзендерінің аралығындағы Қызылтас, Майтас, Қарақозы, Айдай, Қира, Қосшоқы тауларының баурайы. Сол маңдағы «Жалаңтөстің үш қорығы», «Жалаңтөстің Қызылтасы» деген жер атаулары күні бүгінге дейін айтылып келеді. Бабамыздың қысқы мекені болған Қызылтас тауының баурайында туып өскендіктен болар, сол маңдағы барлық жер атаулары бізге жақсы таныс. Үш қорықтың біреуінің аты «Айтқанқорық» екенін бала кезімізден естіп келеміз, ауылдан Қарашілік қыстағына барған сайын осы қорықтардың үстімен өтеміз. Қызылтастың теріскей бетіндегі Бақал қыстауының маңайында батыр бабамыздың және оның інісі Танаттың ұрпақтары жерленген қорымдар бар. Онда көбінесе Көбен ұрпақтары жатыр. Бақал, Қапабай деген жер атауларының өзі Таңат балаларының аттарымен аталып кеткен.

Өткен ғасырдың 30-шы жылдарында Жалаңтөстің Қызылтасын мекендеген батырдың ұрпақтары "Бірлестік" колхозын

кұрады. Колхоздың алғашқы төрағалары өзіміздің әкелеріміз болған. «Бірлестік» 1963 жылға дейін колхоз мәртебесін сақтады, сол жылы «Ақтоғай» кеңшарының құрылуына байланысты кеңшардың құрамына беріліп, №4 бөлімше орталығы болды. Қазақ ССР Ауыл шаруашылық Министрлігінің 1973 жылғы 23 қыркүйектегі бұйрығына сәйкес Бірлестік, Имек, Ақсай, Калинин бөлімшелерінің негізінде жаңа «Жәмші» кеңшары құрылып, Бірлестік кеңшар орталығы болып белгіленді. Сол жылы 30 желтоқсанда Қазақ ССР Министрлер Советі кеңшар орталығын Нүркен селосы деп атау туралы қаулы шығарды. Келесі, 1974 жылы кеңшар орталығы жаңадан салынды. Жаңа кеңшардың директоры болып өзіміздің елдің азаматы, Құлықтың Таңат тармағынан шыққан Мұқажанов Қауаз аға тағайындалды. Алматы ауыл шаруашылық институтын инженер мамандығы бойынша бітірген Қауаз аға кеңшарды 1991 жылдың көктеміне дейін басқарды. Өте білікті, іскер басшы кеңшар орталығын қала типтес поселке етіп салдырып, оның экономикасымен бірге әлеуметтік-мәдени инфрақұрылымының да дамуына айрықша еңбек сіңірді. Кеңшардың басшылық қызметтерінде Қауаз ағамызбен бірге өзіміздің көптеген әкелеріміз бен

ағаларымыздың болғанын жақсы білеміз.

Кеңшардың №2 бөлімшесі болған Қызылтас (Бірлестік) 90-шы жылдардың басында «Жалаңтөс батыр» ауылы деп өзгертілді. Сол ауылдың «Шатыртал» жағында батырдың қысқы қонысының, ескі құдығының орындары болған. Ал Қызылтастың шығыс жағындағы Қарақозыда Алтай, Әжібай, Толыбай ұрпақтарының жұрттары бар. Қарақозы деген жер атының пайда болуына байланысты мынадай аңыз да сақталған:

Бір жылы ерте көктемде, батырдың ауылы әлі жаз жайлауға көшпей тұрған мезгілде, қалмақ әскерлері Тоқырауын жағасына, Қазіргі Ақтұмсық ауылының маңайындағы Тукөде деген жерге келіп шатырларын тіге бастайды. Мұны біздің адамдар көріп қалып, Жалаңтөс батырға келіп жеткізеді. Батыр дереу қол жинап, қалмақ әскеріне тұтқиылдан шабуыл жасау қамына кіріседі. Көктемгі Тоқырауынның арнасынан асыптасып жатқан кезі болса керек. Өзен жағасы терек пен қайың, шілік өскен ну тоғай болыпты. Батырдың айласы қалмақтарды осы тоғайға қуып тіреп, өзенге тоғыту екен. Сөйтіп, айласын асырып, қалмақ әскерін осы тоғайға қарай тықсыртып қуып әкеп, қамап, жолын кескен екен. Өзенді жалдап жалдап

өтуден басқа амалы қалмаған қалмақтар судан өте алмай, түгелдей батып кетіпті.

Бабамыз жау қолын осылайша жеңіп қайтыпты. Ал қалмақтардың шатырларын, қару-жарақтары мен дүние-мүліктерін «бұл бізге опа әпермейді» деп өртетіп жіберіпті.

Батырлардың жеңісін естіген Жібек анамыз көктемгі төлдердің ішінен жүз шақты қара қозыны алдыртып сойғызыпты. Батыр бабамызды жер бастырмай қарсы аламыз деп, қозылардың терісін жазып, жерге төсетіп тастатыпты. Сөйтіп бабамызды жауынгерлерімен бірге қара қозылардың терісінің үстімен жүргізіп өткізіп қарсы алған екен. Сол жер содан бері Қарақозы атанып кетіпті. Осы оқиғаны марқұм

Ақылбек Шайхы «Жалаңтөс батыр» деген кітабында баяндап өтеді.

Жалаңтөс батырдың мазары Қарағанды қаласының оңтүстік шығысында, Соқыр өзенінің жағасында, «Соқыр басы» деп аталатын төбеде. Жергілікті халық бұл жерді көбінесе «Соқыр батырдың басы», «Соқыр әулие жатқан жер» деп атайды. Бұл төбенің маңайы қазір Қарағанды қаласы мұсылмандарының зиратына айналды. 1970-ші жылдардың соңына қарай Көпбайұлы

Зікірия әкеміздің қаржылай көмегімен (сол кездегі ақшамен 500 сом) Төлепберліұлы Әнуарбек ағамыз батырдың басына бірінші рет қара граниттен құлыптас қойды. Қызыл империяның түкірігі жерге түспей тұрған кезде, батырға мұндай құрмет көрсету, оның басына ескерткіш қою үлкен ерлікпен тең оқиға саналатын.

Осы Қызыл империя үстемдік еткен кезде, батырлардың, әулиелер мен би-шешендердің мазарына бармақ түгіл, атын айтудың өзі қиын еді ғой. Сол тұста көптеген ата-бабаларымыздың ескі қорымдары мен мазарлары ескерусіз қалды, тіпті кейінгі ұрпақ өз ата-бабаларының қайда жатқанын, қай жерге жерленгенін білмей қалды. Ал біз, шыны керек, Жалаңтөс батырдың қай жерде жатқанын білген жоқпыз. Үлкендер білгенімен, айтуға қорықты. Тек өткен ғасырдың 60-70 жылдары ғана батырдың бейтін білетін үлкендер кейінгі көзі ашық жастарға көрсете бастаған. Солардың бірі Ақтоғай өңіріне қадірі артқан қария Аманбай Қожамбергенұлы еді. Масғұт аға «Жалаңтөс батыр» деген көлемді еңбегінде: «Осыдан біраз жыл бұрын Қарағанды қаласының Оңтүстік Шығыс ауданынан әрірек «Орталық Сарыарқа» әуе жайына баратын үлкен даңғыл жолдың оң жағында

қазақ зираты пайда болды. Әу баста осы жерде төбесі жаңбыр, қар суымен мүжіліп, ортасына құлап түскен жалғыз шошақ бейіт бар екен. Ақтоғай ауданының тумасы, ғасыр жасап дүние салған қадірлі қария Аманбай ақсақал алпысыншы жылдары осы бейітті көрсетіп тұрып: «мынау қасиетті топырақ біздің атамыз - Жалаңтөс батырдың бейітінің жұрнағы» деп айтып еді" дейді. Осы еңбектің тағы бір жерінде: «Ә.Адамбеков маған мына бір жайды баяндаған еді: 1970 жылдары Ескі қаладағы мешіттің имамы Сармантай руынан шыққан Елібай деген кісі болды. Сол кісімен әңгімелескенімде өзінің ата-тегін айтып, әкесінің кедей адам болғанын, қазіргі «Сарыарқа» әуе жайы орналасқан жерде аздап егін салып күнелткенін баяндап, туған әкесінің ерте уақытта өзіне Жалаңтөс батырдың бейітін көрсеткенін, жұма күндері сол бейіт басына барып құран оқып қайтатынын айтқан еді. Елібай қария әкесінен Жалаңтөс батыр туралы көп жайларға қанған екен. Соның бірі - Жалаңтөстің Қанжығалы Бөгенбайды пір тұтып, аруақты батырды ардақтап, қадір құрмет етіп өткені» деп жазады.

Елібай молдадан естіген әңгімелердің ішінде бұрын кездеспеген деректер бар. Бөгенбай батыр өмірінің соңғы кездерінде

Абылайханға өкпелеп, ауылымен Кіші жүз (Әбілхайыр хан) жеріне көшпек болады. Бұған қатты ашуланған Абылай: «Бөгенбай ауылын қайтарыңдар, көнбесе жазалаңдар» деп маңындағы Төлеңгіт жігіттерінен құралған үлкен жасақ жібереді. Мұны естіген Қаракесектен шыққан батырлар - Жарылғап (Бөгенбайдың құдасы), Жидебай, Жалаңтөс бас қосып, ашу үстіндегі әділетсіздікке жол бермейді. Орта жүздегі осы бір алауыздықты пайдаланған қалмақтар оңаша қалған Бөгенбай ауылын тұтқиылдан шауып, жайдақ атқа қарғып мініп, жаумен жағаласқан қарт батыр Бөкенді мертiктiрiп кетiптi. Жауды өкшелей қуған қазақ қолын Жалаңтөс бастаған екен. Осы жолы қалмақтар ойсырай жеңіледі, Бөгенбай батырға құн төленеді.

Әнуарбек ағамыздың «Жұлдыз» журналына жазған хатынан батырға байланысты тағы бір қызықты деректі кездестірдім. «Абылай хан ауырып Түркістанға кеткен кезінде Орта Жүздің елі мен даласы иесіз қалды деп, солтүстік шығыс жақтан қазақ жеріне тағы да жау қаптайды. Орта Жүз рулары дабыл қағып, Қарқаралы маңына өздерінің жасақтарын топтастырады. Жасақтың негізін Арғын, Найман, Керей, Уақ жігіттері құрайды. Бас батыр етіп Жалаңтөс батырды сайлайды.

Қолдың оң қанатын Жасыбай батырға, сол қанатын Көшет батырға береді. Екі жақ Баянтаудың түбінде кездесіп, қатты қырғын соғыс болады. Бұл соғыста қалмақ жағы қатты қырғынға ұшырап, мүлдем жеңіледі. Бұл соғыс қазақ-қалмақ соғысының ең соңғысы деп те аталады. Осы соғыс болған жерді кейіннен Жалаңтөс батырдың құрметіне «Жалаңтөс асуы», «Қалмаққырған» деп атайды. Бұл соғыс жөнінде ертеде, 1941-1946 жылдары академик жазушымыз Сәбит Мұқанов та жазған болатын. Ұмытпасам, 1940 жылдардың соңындағы «Ана тілі» оқулығында сол соғыс туралы қысқаша деректер берілген, оны өзім оқыған едім, бірақ сол әңгімені кейін еш жерден кездестіре алмадым» деп еске алыпты Әнуарбек аға.

Жалаңтөс батырдың Жасыбай батырмен дос болғандығын алғаш рет 1996 жылы Жаппарұлы Тойкен әкемізден естіген едім.

Сонда Тойкен әкей Баянауылда «Жалаңтөс асуы» деген жер бар екенін айтқан-тын. Осы жер атауы қазақтың көрнекті ақын-жазушысы Дихан Әбілевтің «Жасыбай батыр» поэмасында, «Сұлтанмахмұт» романында кездеседі.

Батыр бабамыздың басында бұрынғы кезде балшықтан салынған шошақ бейіт болған. Заман өте келе табиғат құбылыстарының

әсерімен балшық мүжіліп, опырылып түсіп, үйінді болып қалған. «Батырдың іргесіне бұрынғы кезде қырық қажы жерленіпті. Олардың орындарын бізге руы Сармантай Елібай молла көрсетіп еді» деп Зікірия әкемізден естідім. Солай болуы да мүмкін, бұрынғы уақытта атақты әулие, батырлардың қабірін білетін адамдар өздерінің сүйегін сондай адамдардың қасына жерлеуді аманат ететін болған. Біздің бабамыздың іргесінде де жермен-жексен болған қабірлер көп, олардың санын анықтау мүмкін емес.

1995 жылы қазан айының 5-і күні бабамызға жаңа мазар тұрғызу жұмысы басталды. Алдымен бұрынғы құлаған мазардың жан-жағындағы топырағы аршылып, іргетас қаланатын орын тазаланды. Сол күні мазар басында болып, барлығын көзбен көрдік. Мазардың топырақ үйіндісінің астындағы саз кірпіштері бүтін сақталған екен. Ұзындығы 25 см, ені 20 см болатын кірпіш бедеріндегі балшық құйған адам қолының іздері анық көрініп тұрды. Іргетас бұрынғы қабырғаның сыртынан алынды. Бір-екі аптаның ішінде жаңадан мазар тұрғызылып, келесі, 1996 жылы 16-17 тамызда Ақтоғайда баба рухына арналып ас берілді, үлкен той өткізілді.

МАЗМҰНЫ

Жеңіс ҚАШҚЫНОВ.....	3
Апайтөс батыр Жалаңтөс	
Мәуен ХАМЗИН.....	5
Қоңыраулы найза қолға алып...	
Сағадат ДҮЙСЕБЕКОВ.....	14
Аруақтарға құрмет	
Ақылбек ШАЙХЫ.....	18
Жалаңтөс батыр	
Көлдегі жалын.....	28
Соқырдағы шайқас.....	37
Жалаңтөстің Үшқорығы.....	50
Қарақозы.....	59
Жалаңтөстің билігі.....	68
Қалкен МӘКЕНБАЕВ.....	78
Бұланты шайқасында	
Мәсғұт ХАЛИОЛЛА.....	86
Жалаңтөс батырдың тілек-батасы	
Төлеуғазы ӘБДУАҚАСОВ.....	92
Тапқырқыз	
Ғазиз ЕШТАНАЕВ.....	96
Тас батыр	
Қуандық СӘДЕНОВ.....	98
Жалаңтөс батыр	

ЖАЛАҢТӨС БАТЫР

Жалаңтөс батырдың портретін салған
ҚР Суретшілер Одағының мүшесі
Сембіғали СМАҒҰЛОВ

Редакторы Оралбек ЖҮНІСҰЛЫ
Корректоры Қарлығаш НАРЫНОВНА
Көркемдеуші редакторы Мира АЛИМОВНА
Техникалық редакторы Нүркен СҮЙЕУБЕКҰЛЫ

ИБ 216

Теруге 17.02.2014 ж. берілді. Басуға 03.03.2014 ж. қол қойылды.
Пішімі 60х90 1/32. Әріп түрі "Times New Roman". Офсеттік
басылыс. Қағазы офсеттік. Көлемі 8.3 баспа табақ.

Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №258

“ҚАЗАҚПАРАТ” баспа корпорациясы
Алматы қ., Жангелдин-Мұхамеджанов көшесі, 30/26.
Тел.: (8-727) 397-41-63, 397-41-62
Эл. пошта: Kazakparat@mail.ru

“ҚАЗАҚПАРАТ” баспа корпорациясының баспаханасы